ДЕНСАУЛЫҚ



Жаңа қондырғы – сапалы қызмет кепілі

2

ТҰЛҒА



Алаштың алыбы – Әбіш

3

ДАМУ



Қазыналы мекеннің даму қарқыны жоғары

5

ПОЭЗИЯ



Толқынға кілем жайдырып...

8


# Сыр бойы

90 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№184-185 (19862-19863)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

7 желтоқсан /СЕНБІ / 2019 жыл


ПРЕЗИДЕНТ

## Ықпалдастықтың жаңа деңгейі

**Берлинде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Ангела Меркельмен кездесіп, кеңейтілген құрамда келіссөздер өткізді. Келіссөздер барысында екіжақты байланыстарды жандандыруға және стратегиялық экономикалық серіктестік орнату перспективаларына баса мән берілді. Сондай-ақ, білім, ғылым және мәдениет салаларындағы өзара ықпалдастық мәселесі сөз болды.**

Қазақстан Президенті мен Германия Канцлері БАҚ өкілдері үшін бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент ретінде Еуропа одағы бойынша алғашқы ресми сапарын Германиядан бастағанын айтып, Қазақстан үшін осы елмен ынтымақтастықты нығайтудың маңызы зор екеніне тоқталды.

Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Ангела Меркель Қазақстанмен арада берік ынтымақтастықтың орнағанын, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен өзара түсіністікте жұмыс істегенін атап өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың екі ел арасындағы ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді, сондай-ақ, келіссөздердің нәтижелі өткенін айтты.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Германияның экс-канцлері Герхард Шрёдермен кездесті. Герхард Шрёдер Қазақстанның инвесторлар тартуға бағытталған шараларына оң баға беріп, экономиканың нақты секторындағы бірлескен бизнес-жобаларды жүзеге асыру жөнінде өз ұсынысын айтты.

Одан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті екі мемлекетті достық қарым-қатынастар байланыстыратынын атап өтті. Франк-Вальтер Штайнмайер аталған сапары үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, Қазақстан мен Германияның ынтымақтастығын одан әрі дамыту үшін жүргізілген келіссөздердің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Берлинге сапары барысында неміс бизнесінің бірқатар өкілдерімен кездесті. «CLAAS Group» компаниясы Бақылау кеңесінің төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзермен кездесу барысында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. «Linde AG» компаниясының атқарушы вице-президенті Кристиан Брухпен кездесу барысында кәсіпорынның Қазақстанда жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобалары мен алдағы жоспарлары туралы сөз болды. Қазақстан Президенті «Schaeffler Group» компаниясының Бас директоры Клаус Розенфельдпен кездесу кезінде өзара ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады. «Siemens Healthineers» компаниясының Бас директоры Бернд Монтаг Мемлекет басшысына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынатын онкологиялық орталықтың жобасын ұсынды. Кәсіпорын басшысы еліміздің өндірістік әлеуетін арттыруға септігін тигізетін ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ниетті екенін айтты.



Қазақстан Президенті неміс компаниялары басшыларының алдында сөз сөйлеп, Еуропа одағына мүше мемлекеттердің ішінде Германияның Қазақстан үшін негізгі сауда-экономикалық серіктес екенін атап өтіп, еліміздің ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясының төрағасы Вольфганг Ишингермен кездесті. Қазақстан Президенті Германия басшылығымен жүргізілген келіссөздердің нәтижелеріне тоқталып, Қазақстан нарығына неміс бизнесін, технологиясы мен инвестициясын тартудың маңыздылығы жөнінде айтты. Вольфганг Ишингер келесі жылы өтетін кезекті Мюнхен конференциясына дайындық барысы туралы мәлімет беріп, Қазақстан Президентін аталған беделді жиынға қатысуға шақырды.

**Өткен аптада Қызылордада «Қызылорда: тұрақты өрлеу, инвестициялық ынтымақтастық үшін жаңа мүмкіндіктер» атты XI Халықаралық «Baikonyr Invest» инвестициялық форумы ұйымдастырылғаны туралы хабарлаған едік.**

## Инвестфорум игілігі

«Байқоңыр» ЕЭА – жобаларды іске асырудың келешек алаңы» тақырыбындағы секцияда «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағының аумағында ойын-сауық және туристік аймақтың құрылысына қатысты бірқатар мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, форум қарсаңында Қызылорда облысының әкімдігі мен «К2АТ» ЖШС арасында 330 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестициялық келісімге қол қойылды. Бұл сомаға «Арал теңізі маңындағы смарт-егіншілік» және «Құрылуы жоспарланған «Байқоңыр» ЕЭА-да өндірістік кәсіпорындар құру»: қатерлі ісікке қарсы әсері бар қызанақ өңдеу үшін өндірістік объектілерді құру» жобалары және «Байқоңыр» ойын-сауық және туристік аймағының тұжырымдамасымен үйлестіре отырып, Орталық Азиядағы туризмнің дамуында жаңа көзқарас қалыптастыратын басқа да технологиялардың жобалары кіреді.




## Цифрлық даму: жаңашылдық пен жетістік

**Қызылордалықтар енді «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасының игілігін көре алады. Цифрландыру бағытындағы тәжірибе мен идея алмасу алаңына айналған IT форумда облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов біріктірілген ақпараттық жүйені іске қосты.**

Назерке САНИЯЗОВА.



Мобильді қосымша қала тұрғындары мен қонақтары үшін тиімді болары сөзсіз. Онда ауа райынан бастап ұшақ, пойыз кестесі, коммуналдық төлем, айыппұл және салық бойынша есеп айырысу, мемлекеттік және қалалық деңгейдегі қызмет түрлерін білу, коммерциялық қызметке қол жеткізу тетіктері қарастырылған. Астананы тұрақты дамыту орталығының IT сәулетшісі Виталий Пустовойтенконың айтуынша, бүкіл қаланы смартфонға сыйдырған жүйенің мүмкіндіктері әлі де арта түспек.

– Сол кезде ұялы телефон арқылы автобус, такси ақысын да төлеуге болады. Осылайша қолма-қол ақшаның ролі азаяды. Цифрлық жүйені қолдану жолақы мен уақытты үнемдейді. Халықты мекемелерге барып, ұзақ-сонар кезек күтуден құтқарады. Бір сөзбен айтқанда, күнделікті тұрмысты жеңілдетеді, – деді ол.

Қызылордада өткен «Smart Qyzylorda: аймақтың цифрлық трансформациясы» атты тұңғыш өңірлік IT форумда цифрландыру бағытындағы жұмыс пен жоспар жайы қозғалды. Облыс әкімі айтқандай, ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологиялар бүгінде экономиканың барлық саласында тиімділігін дәлелдеп үлгерді. 2018 жылы осы бағытта 20, биыл 28 жоба жүзеге асырылды.

– Білім саласы бойынша аудан орталықтарындағы мектептерде робототехника кабинеттері мен 3 D модельдеу лабораториялары ашылды. Мектепке дейінгі 425 ұйымда автоматтандырылған «Электронды балабақша» жүйесі қолданыста. Бұл әр баланың балабақшаға бару реттілігін қадағалап отыруға, бір баланы бірнеше балабақшаға тіркеу секілді келеңсіздіктердің алдын алуға мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы.

Кәсіби-техникалық білім беру орындарында талапкерлерден оқуға түсу және онлайн тест тапсыру жөнінде өтініш қабылдау, мемлекеттік білім грантын үлестіру ісінде де осындай жаңашылдық бар. Облыстық жастар ресурстық орталығында ашылған IT паркінде талантты жастар стартап бастамаларын дамыта алады. Технопарк базасында биыл алғаш рет IT-эшелон білім жобасы сәтті жүзеге асырыла бастады. Оған 14 пен 35 жас аралығындағы 200-дей адам қатысып, ақысыз негізде білімін жетілдірді.

Медицина саласын цифрландыру тұрғындардың медициналық көмекке жүгіну процесін жеңілдетіп, мемлекеттік бюджетке түсетін ауыртпалықты біршама азайтады. «DamuMed»» медициналық ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы арқылы дәрігер қабылдауына алдын ала жазылуға, дәрігерді үйге шақыртуға, тағайындалған рецепт, еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, зертханалық талдау нәтижесі жөнінде мәлімет алуға болады. Қазіргі күні өңірдегі 15 ұйым телемедицинамен жабдықталған. Барлық санитарлық көлікте GPS мониторингінің пайда болуы жедел жәрдем қызметінің жүру уақытын қысқартты.

Қауіпсіздік саласын цифрландыру мақсатында былтыр 112 нөмірлі бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі іске қосылды. Оған жедел жәрдем, полиция, төтенше жағдайлар және авариялық газ қызметтері біріктірілген. Тұрғындар телефон арқылы мемлекеттік қызмет сапасын бағалап, мәселені жауапты орынға жеткізе алады. Ол үшін смартфоныңызға «Digital Agent» қосымшасын жүктесеңіз жеткілікті. 109 нөмірлі бірыңғай байланыс орталығы арқылы тұрғындар көркейту-көгалдандыру, су, жарық және жылумен қамтамасыз ету, қоғамдық көлік бағыттары бойынша өтініш-тілектерін алға тартып, көмек алса болады.

Соңғы жылдары ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бірқатар салада қарқынды дамып келеді. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер, цифрландыру және жобалық басқару сапасын арттыру мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты міндетке айналды. Жаңашылдық жетістіктері ауыл шаруашылығы, жолаушы тасымалы, құрылыс сияқты өзге де салаларда көрініс тауып отыр.

2-бет.

## Азаматтардың сенімді қорғаушысы

**Кеше А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Прокуратура күніне арналған салтанатты жиын өтті. Шарада облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов прокурорлар еліміздегі заңдылық, құқықтық тәртіптің сақталуын қадағалап, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ететінін айтты.**

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

– Прокуратура органдары құқықтық саясатты, азаматтардың конституциялық құқығын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау саласында өз міндеттерін ойдағыдай атқарып келеді. Прокуратураның беделі еселеп өсіп, әлеуметтік маңыздылығы арта түсті. Елбасы және Мемлекет басшысы қойған маңызды міндеттерді орындай отырып, прокуратура заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде мемлекеттің сенімді тірегі деуге болады. Прокурор еңбегі өте жауапты және маңызды екені белгілі. Прокурорлық қадағалау қоғам өмірінің барлығы дерлік маңызды саласын қамтиды, ал, тиімді құқық қорғаушылық мақсат пен заң үстемдігі – оның қызметінің негізгі мазмұны, – деді облыс әкімі.

Айта кету керек, Қазақ КСР-ның Бас прокурорына бағынатын бірыңғай прокуратура органдарының жүйесі 1991 жылдың 6 желтоқсанында арнайы қаулымен құрылды. Ал, 1992 жылы ҚР Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен прокуратура Жоғарғы Кеңеске есеп беретін, заңдардың орындалуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асыратын орган болды. 1994 жылы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қаулысымен ҚР Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл құжатта прокуратура органдарын реформалаудың негізгі қағидалары анықталды.

Жиында облыс прокуроры Нұрлан Бижанов қазір өңірдегі қоғамдық-саяси ахуал тұрақты екенін жеткізді.

– Қылмысқа бейім адамдардың тұрмыс-тіршілігін арнайы жұмыс топтары бақылауға алды. Қала аймағындағы патрульдік бағыттарды реттеу, көшелерді жарықтандыру, бейнекамералар орнату жұмыстары жүргізілуде. Жүргізілген шаралар нәтижесінде қылмыс 17 процентке төмендеді. Сондай-ақ, мемлекет бюджетіне 2 млрд теңгеден астам қаржы құйылды. Балаларға тиесілі 228 млн теңге алимент төленді, – деді Нұрлан Дәуренұлы.




Сондай-ақ, прокурор келер жылы облыстық прокуратураның жаңа ғимаратын салу жоспарланғанын атап өтті.

Бұл күні бірқатар сала маманы марапатталып, мерекелік кеш өнерпаздардың арнайы концерттік бағдарламасына ұласты.

## 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай өткізілетін салтанатты шаралар



**Қызылорда қаласы**

13 желтоқсан сағат 11:00. **«Тәуелсіздік теңдігім»** мерекелік театрландырылған қойылым және концерттік бағдарлама. *А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.*

13 желтоқсан сағат 16:00. **«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы»** атты тарихи-танымдық сабақ. *Облыстық тарихи-өлкетану музейі.*

13 желтоқсан сағат 17:00. **16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік салтанатты шара.** *Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

**Арал ауданы**

12 желтоқсан сағат 15:00. 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне орай **«Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік»** атты салтанатты жиын. *Арал аудандық мәдениет үйі.*

13 желтоқсан сағат 15:00. Тәуелсіздік күніне арналған **«Тәуелсіз елдің жалынды жастары»** атты мерекелік концерт. *Арал аудандық мәдениет үйі.*

**Қазалы ауданы**

11 желтоқсан сағат 11:00. **«Тұғыры биік Тәуелсіздік!»** атты салтанатты жиын. *Әйтеке би кенті, Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығы.*

**Қармақшы ауданы**

14 желтоқсан сағат 16:00. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған **«Ел бақытын тербеткен – Тәуелсіздік»** атты мерекелік салтанатты жиын. *Жосалы кенті, Ш.Төлепова атындағы мәдениет үйі.*

**Жалағаш ауданы**

13 желтоқсан сағат 16:00. **«Тәуелсіздік – азаттығым, таң нұрым»** атты салтанатты жиын. *Жалағаш кенті, Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйі.*

**Сырдария ауданы**

13 желтоқсан сағат 16:00. **«Тәуелсіздігіміз мәңгілік»** атты мерекелік салтанатты шара. *Сырдария аудандық мәдениет үйі.*

**Шиелі ауданы**

12 желтоқсан сағат 17:00. **«Тәуелсіздік тәу етер қасиетім, киелім!»** атты мерекелік концерт. *Шиелі кенті, «Арман» мәдениет үйі.*

13 желтоқсан сағат 16:00. Тәуелсіздік күніне орай **«Тәуелсіз байтақ елім – Қазақстан!»** атты театрландырылған көрініс және салтанатты кеш. *Шиелі кенті, Б.Қабылұлы атындағы аудандық мәдениет үйі.*

**Жаңақорған ауданы**

13 желтоқсан сағат 11:00. **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік салтанатты шара.** *Жаңақорған ауданы, М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі.*

# Цифрлық даму: жаңашылдық пен жетістік





– Алайда, жобалардың әкімдік бастамасымен ғана жүзеге асырылып жатқаны, оған жеке компаниялар, жергілікті бизнес өкілдері мен тұрғындардың үлес қоспауы көңіл қынжылтады. Сондықтан экономиканы цифрландыру ісіне ынталы кәсіпкерлер мен инвесторларды бірлесе жұмыс істеуге шақырамын, – деді аймақ басшысы.

Әрбір ел азаматының тұрмыс деңгейін жеңілдетуді көздейтін «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы 5 бағытты қамтиды. Олар – экономика салаларын цифрландыру, цифрлық мемлекетке өту, цифрлық Жібек жолын, инновациялық экожүйе құру және адами капиталды дамыту. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Абылайхан Оспановтың айтуынша, осы ретте Қазақстанда ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. 195 елді мекен кең жолақты интернетке қосылса, 15,1 млн адам интернетпен қамтылған. 740 мемлекеттік қызметтің 532-сі электронды түрде көрсетіледі. Биыл қазан айында e-Gov порталының жаңа үлгідегі мобильді қосымшасы пайда болды. Одан бөлек, қазіргі күні халық көптеген қызмет түрін танымал мессенджерлердің көмегімен тұтына алады. Вице-министр цифрландыру ісі бойынша Қызылорда облысында ілгерілеушілік барын жеткізді.

Форумда отандық және шетелдік спикерлер, IT компаниялар өкілдері өзара тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, елімізде алғаш болып Қызылордада іске қосылған цифрлық күріш ақтау зауыты, «Акмауа Smart Farm» фермасының жұмысы көпшілік назарына ұсынылды.

«Мағжан және К» серіктестігі күріш жармасын өңдеу мен оны сатуды ұйымдастыру аясын кеңейту бағытында өз инвестициясына Оңтүстік Корея технологиясымен жабдықталған зауыт орнатты. Ол күріштi ақтаумен қатар, малдың жем-шөбі ретінде пайдаланылатын күріш қауызын ұнтақтап, қалдықсыз өнім шығарады. Барлық технологиялық процесс толықтай автоматтандырылған жүйе негізінде жүзеге асырылады. Елімізде әзірге баламасы жоқ өндіріс ошағы сағатына 5 тонна күріш өңдеуге қауқарлы.

Ақылды технологияны қолданысқа енгізгендер қатарында Шиелі ауданындағы «Ақмая» шаруа қожалығы да бар. Шаруашылық базасында іске асырылған жобаның мақсаты – ауыл шаруашылығына жеделдетілген инновациялық технологияларды енгізу, фермерлік шаруашылықтардың өндірістік тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру, ішкі нарықты сапалы азық-түлік өнімімен толықтыру, азық-түлік экспортын ұлғайту. Заманауи цифрлық технологияларды пайдалану шығындарды қысқартып, өнімділік деңгейін жоғарылатуға жол ашады.

Басқосу барысында IT шешімдер көрмесі ұйымдастырылып, 30 қарашада өткен «Smart Qyzylorda Hackathon» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Сондай-ақ, мемлекеттік сектор мен IT қауымдастығы арасында цифрлық және стартап жобаларды жүзеге асыруға бағытталған бірқатар меморандум қабылданды.

1-бет.

# Зейнетақыңызды дер кезінде рәсімдеңіз

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

**2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап әйелдердің зейнетке шығу жасы кезең-кезеңмен ұлғайтыла бастады. Осылайша ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес әйелдердің зейнетке шығу жасы 2027 жылға дейін 63 жасқа жеткенше жылына 6 айға ұзартылып отырады. Яғни, бұл 10 жыл уақытты қамтиды деген сөз. Дейтұрғанмен Қордан берілетін зейнетақы төлемдеріне қатысты болашақ зейнеткерлер арасында әлі де болса түсініспеушіліктер бар.**

**Әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:**

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа толғанда;
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда;
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда;
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда;
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда;
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда;
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда;
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда;
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда;
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

Мемлекеттік бюджеттен берілетін базалық және ортақ зейнетақы мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған азаматтарға (ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге биыл 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін 59 жасқа толғанда) төленеді.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап әйелдер зейнеткерлікке 59,5 жаста шығатын болады. Зейнетақы төлемдері алушы өтініш берген күннен бастап тағайындалады. Өтінішті туған күнге 10 күн қалғанда беруге болады.

2018 жылдың қазан айына дейін зейнет жасына толған азаматтар мемлекеттік бюджеттен берілетін базалық және ортақ зейнетақыны рәсімдеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінетін. Ал зейнетақы жинақтарын алу үшін Қордың жергілікті бөлімшесіне баратын. Бұл жасы келген адамдарға ыңғайсыздық тудырып келді. Міне, осы жәйттер ескеріліп, өткен жылдың қазан айынан бастап «Бір терезе» қағидаты бойынша Композиттік қызмет іске қосылды. Мақсат – зейнетақы қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру және зейнетақы рәсімдеу шарасын жеңілдету.

Енді екі жерге барудың қажеті жоқ. Зейнет жасына толған азаматтар жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен БЖЗҚ төлемдерін рәсімдеу үшін бірыңғай өтініш пен құжаттар топтамасын бір жерге – Халыққа қызмет көрсету орталығына тапсырады. Бұл ретте алушы жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстыру үшін түпнұсқасын, сондай-ақ банк шоты туралы мәлімет ұсынады. Әрі қарай жиынтық зейнетақы төлемдері бекітілген кесте бойынша ай сайын алушының өтінішінде көрсетілген банк шотына бір мезгілде аударылып отырады.

Атап өту керек, егер биыл зейнеткерлік жасқа толған әйел (59 жас) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін осы жылдың 31 желтоқсанына дейін рәсімдеп үлгермей, 2020 жылдың қаңтарында келіп өтініш жасайтын болса, онда ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 11-бабының 1 тармағына сәйкес ол алдағы жылы зейнетақы төлемдерін тек 59,5 жасқа толғанда ғана рәсімдей алады. Сондықтан егер Сіз зейнеткерлік жасқа биылғы жылдың 31 желтоқсанында толатын болсаңыз, онда 10 күн қалғанда, яғни 21-31 желтоқсан аралығында Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, өтініш беріп үлгеруіңіз қажет. Өйтпеген жағдайда, зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін тағы 6 ай күтуге тура келеді.Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы жыл сайын 6 айға ұзартылып отырады.

**Бибігүл ӨТЕСБАЕВА.**

# Жедел әрекет ету орталығы ашылды

**Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың қатысуымен жедел әрекет ету орталығы ашылып, «112» және «109» қызметтері іске қосылды. Шараға ҚР Цифрлы даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Абылайхан Оспанов қатысты.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

– «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2014 жылдың соңында-ақ түрлі ведомстволардағы жедел коммуналдық қызметтерді біріктіретін ортақ ақпараттық орта қалыптастыру жөнінде айтылды. Сонан бері осы жобаны жүзеге асыру қолға алынып, «ақылды оператор» концепциясы әзірленді,– деді облыс әкімі.

Жоба аясында «101», «102», «103» жедел желілері «112» байланысына біріктірілген. Шұғыл қызметтердің барлық автокөлігі GPS-пен жабдықталған. Енді шұғыл қызметтердің барлық шақырулары бірыңғай «112» нөмірі бойынша қабылданады. Жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігі «бір терезе» қағидаты бойынша жедел қызметтерді шақыруды ұйымдастыру және шақыруларды қабылдау, өңдеу уақытын 30 процентке қысқартуды көздейді.

Сонымен бірге биылғы сәуір айында мемлекеттік органдардың халықпен тиімді байланыс механизмін орнату бағытында «109» бірыңғай байланыс орталығын құру жұмыстары басталды. Бұл жүйе арқылы коммуналдық қызметтер біріктірілді. Осыған байланысты жылу, жарық, сумен жабдықтау, қоғамдық көлікке қатысты тұрғындар арыз-шағымы, өтініші «109» нөмірі бойынша қабылданады. Нақтырақ айтқанда, қала тұрғындары бұған дейін кем дегенде 24 коммуналдық және авариялық қызмет ұйымының, 40-қа жуық басқарма мен бөлімнің телефон нөмірін білуі қажет болса, енді «109» нөмірін терсе болғаны, коммуналдық салаға қатысты барлық шағым тыңдалып, өтініш орындалады. Орталық өтініштерді телефон және әлеуметтік желілер арқылы қабылдайды.

– «109», «112» нөмірлеріне келіп түскен шақыртуларды талдау және олардың орындалуына мониторинг жүргізу облыс әкімдігінің ахуалдық орталығымен біріктірілген. Ол бақылау мен шешімдер қабылдауға, әсіресе, ірі коммуналдық апат, жол-көлік оқиғасы, су тасқыны жағдайында, басқа да табиғи құбылыстар кезінде жылдам көмек көрсетуге септігін тигізеді. Цифрлық технологияларды қолдану тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

# Облыстық бюджет нақтыланды

**Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 39-шы сессиясы өтті.**

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

Сессияны ашқан облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов күн тәртібінде бір ғана мәселе – «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының (2018 жылғы 12 желтоқсандағы) №271 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жайы талқыланатынын жеткізді. Ол туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай хабарлама жасады.

Хабарламашы атап өткендей, бюджеттік бағдарламаларды қысқартуға байланысты және игерілмей қалған қаржы есебінен бүгінгі күнге үнемделген қаржы көлемі 1,2 млрд теңгені құрап отыр. Осыған байланысты бірқатар бюджеттік бағдарламаларға өзгертулер енгізіліп, облыстық бюджет қайта нақтыланатын болады. Оның ішінде облыстағы құрылыс жұмыстарына 395 млн, азық-түлік бағасын тұрақтандыруға 100 млн, Қызылорда қаласында қоғамдық көлікті дамытуға 209 млн, Қазалы қаласында тұрғын үйлерге инфрақұрылым жүргізуге 95 млн теңге қаржы қарастырылады.

Басқарма басшысы соңғы нақтылаудан кейін облыстық бюджет 279,4 млрд теңгені құрап отырғанын атап өтті. Ал жыл басында ол 191 млрд теңге көлемінде бекітілгенін еске түсірсек, осы кезеңде облыстық бюджет 90 млрд теңгеге жуық көбейгенін аңғару қиын емес.

Сессияда депутаттар бюджеттік бағдарламалардағы өзгерістерді қолдап, бірауыздан дауыс берді.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ

# Жаңа қондырғы – сапалы қызмет кепілі

**Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов облыстық көпбейінді ауруханада болып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасымен және жаңа қондырғылардың жұмысымен танысты.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

Биыл кардиохирургиялық орталықтың ашылғанына 10 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында ашық жүрекке 1334 ота, 12000 науқасқа коронарография, 4000 сырқатқа стент қойылған. Мұның барлығы, әрине, заманауи құрал-жабдықтардың көмегімен жүзеге асатыны белгілі. Соның ішінде жүрек-қан тамырлары ауруларында, жедел инфарктті анықтауда компьютерлік томографияның маңызы зор. Мамандардың айтуынша, ауруханаға қойылған заманауи үлгідегі жаңа қондырғы мұндағы он жыл бұрын алынған құрылғыдан әлдеқайда қуатты. Бұрынғы томограф 64 кескінді болса, жаңасы 84 кескінді. Ол диагнозды шұғыл әрі дәл қоюға мүмкіндік береді. Оны алуға облыстық бюджеттен 440 млн теңге бөлінген.

Сондай-ақ, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде алынған ангиограф аппаратының да маңызы зор. Ол қан тамырларын рентген сәулелері арқылы тексеріп, оның төңірегіндегі тканьдердің ауруын анықтауда шұғыл және жоспарланған жоғары технологиялық көмекке қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен бірге аппараттың көмегімен онкологиялық ауруларға, бас-ми ісіктеріне, урологиялық, гинекологиялық және нейрохирургиялық ауруларға ота жасауға болады.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының көрсеткіші бойынша, жүрек-қан тамырлары ауруынан болатын өлім-жітімді азайту үшін 1 млн халыққа 1000 ота жасалуы қажет. Ал облыстың 800 мың тұрғынына есептегенде жыл сайын 800 ота жасалуы тиіс. Ол үшін әрбір 250 мың тұрғынға 1 ангиографиялық аппарат қажет етіледі. Биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде алынған 2 аппараттың көмегімен тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы артады деп күтілуде. Аппараттың бірі – облыс орталығында, бірі Қазалы ауданында жұмыс істеуде.

– Бұл қондырғылардың барлығы тұрғындардың игілігіне жұмыс істеуі керек. Адамның өмірі, денсаулығы – басты байлық. Сондықтан халықтың денсаулығы назарда болуы тиіс. Елбасы да, Президент те бұл жөнінде үнемі айтып келеді. Алдағы уақытта да бюджет қаражатынан осындай заман талабына сай келетін құрал-жабдықтарды сатып алуды қарастырамыз, – деді облыс әкімі.





Қызылордаға іссапармен келіп, аяқ астынан науқастанып ауруханаға түскен алматылық азаматтың жүрегіне коронарография жасалған. Қазіргі кезде науқастың жағдайы жақсы. Қалжағдайын сұраған аймақ басшысына алғысын айтып, аурухана ұжымына ризашылығын білдірді.

# Жол апаттары неге жиіледі?

**Соңғы он күнде Қызылордада бірнеше жол-көлік оқиғасы тіркелді. Салдарынан 12 адам қайтыс болып, 20-дан астам адамның денсаулығына зақым келді. Қалыптасқан ахуал облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен өткен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында жан-жақты талқыланды.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**

21 қараша күні Қызылорда қаласындағы Назарбаев даңғылы бойында болған жол апаты халық арасында резонанс тудырды. «Тойота Камри» жүргізушісі қоғамдық көлік аялдамасына соғып, сол жерде тұрған 5 адамның 4-і көз жұмды. Олардың 3-і – бала. 3 желтоқсанда «Қызылорда-Құмкөл» тасжолында «South Oil» серіктестігіне қарасты жолаушылар көлігінің аударылуынан 8 адам қаза тауып, 22 адам жарақат алды.

– Осы жағдайлардан кейін полиция мен жергілікті атқарушы органдардың құқықбұзушылық профилактикасы бағытындағы жұмысына қатысты сын-ескертпелер айтылды. Жалпы, биыл 10 айда жол-көлік оқиғасы салдарынан жарақат алғандар саны – 47, көз жұмғандар саны 44 процентке өсті. Бұл Қызылорда облысының көрсеткішін едәуір төмендетіп жіберді. Полиция департаментінің ұсыныстарына барынша қолдау көрсетіліп келеді. Тиісті қаржы бөлініп, материалдық-техникалық базасы жыл сайын жаңартылып отыр. Алайда, нәтиже жоқ. Осылай жалғаса берсе, Ішкі істер министрлігіне жауапты басшылардың лауазымдарына сәйкестігін карауды ұсынамын, – деді облыс әкімі.

Қара жолдағы қайғылы жағдайлардың кесірінен жыл сайын әлемде 1 млн 200 мыңнан астам адам ажал құшады екен. Өткен он айда өңірде 485 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, одан 563 адам жапа шексе, 98 адам қайтыс болды. Бұл полиция органдары тарапынан профилактикалық шаралардың тиімсіздігін көрсетеді.

– Негізгі себеп – көлік жүргізушілердің жылдамдықты шектен асыруы. Өкінішті жағдайлардың көпшілігі адами факторлардың әсерінен болып жатыр. Оның ішінде жаяу жүргіншілерді қағып өту, автокөліктердің соқтығысуы, аударылуы және кедергіге соғуы жиі кездеседі. Дегенмен, руль иелерінің тәртіпке бағынуы жол сақшыларының қызметтік міндеттерін мұқият атқаруымен тығыз байланысты. Сондықтан тиімді ұйымдастыру шараларын қабылдау маңызды, – деді облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Серік Шотаев.

Есепті кезеңде тіркелген жол апаттарының 56 проценті Қызылорда қаласының үлесінде. Бұл ретте облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Бектөре Сұлтан қалада жылдамдық өлшеуіштің аз екенін айтты.

– Бүгінгі күні қаладағы 6 құралдың 4-і ғана жұмыс істеп тұр. Өзге облыс орталықтарында, мысалы, Атырауда 25, Петропавлда 34, Павлодарда 37, Қостанайда 45, Таразда 217 жылдамдық өлшеуіш орнатылған. Қайғылы оқиғалардың 36 проценті жаяу жүргіншілерді қағып кетумен байланысты болғандықтан, кең магистральды көшелердегі аялдамаларда қауіпсіздік тұрағын жасау керек, – деді ол.

Өзекті мәселеге орай жиында бірқатар сын-ескертпе айтылды. Облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов көлік жүргізушілерді оқыту жүйесіндегі кемшілікті, жол сақшыларының қызметтік міндетіне салғырт қарауын сынға алды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев заң бұзушыларға қарсы талапты күшейтпей, халықтың санасы оянбай, тәртіп түзелмейтінін жеткізді.

Аймақ басшысы полиция департаменті мен жауапты басшыларға нақты тапсырмалар беріп, бұл бағыттағы жұмыстың жеке бақылауында болатынын атап өтті. Талдау нәтижесі бойынша аталған ведомство мен аудан, қала әкімдеріне жол жүру қауіпсіздігі деңгейін жоғарылату мақсатында профилактикалық іс-шараларды күшейту ұсынылды.

# Алаштың алыбы – Әбіш



**Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының туғанына 80 жыл толуына орай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Әбіш Кекілбаев және Ұлы дала руханияты» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Алқалы жиында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың сөйлеген сөзін назарларыңызға ұсынамыз.**

***Құрметті зиялы қауым!***

Биыл еліміздің руханияты үшін Әбіш Кекілбаев жылы болды десек қателеспейміз.

Бұл халықтың аяулы перзентіне деген шексіз құрметі мен биік бағасы.

Баршаңыз білесіздер, кемеңгер жазушының 80 жылдығы туған жерінде ғана емес, ұланғайыр еліміздің өзге өңірлерінде де кеңінен аталып өтуде.

Осы орайда Әбіш ағаның тарихи тұлғасы мен біртуар болмыс-бітімін айқындай түсетін мерейлі іс-шараларға куә болдық.

Ақтау қаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен еңселі ескерткіш орнатылып, облыстық өлкетану музейі Әбіш ағамыздың атымен аталды.

Сөз зергерінің туған жерінде халықаралық театр фестивалі өтті.

Өнегелі өмірінің басым бөлігі өткен Алматы қаласындағы көшелердің біріне Әбіш Кекілбаевтың аты берілді.

Алғашқы «Әбіш оқулары» және «Әбіш әлемі» атты оқу конгресі мәресіне жетті.

Елордадан бастап, алыс-жақын өңірлерге дейін алқалы жиындар, ғылыми конференциялар жүйелі ұйымдастырылды.

Әрине, Әбіш Кекілбайұлының қайраткерлік келбеті мен ойшыл бейнесі туралы саналы сөз, пайымды пікір осы 80 жылдықпен тоқтамайды.

Егемен елі барда Әбіш феномені туралы айтыла бермек.

Өткен ғұмырында Әбіш аға туған жұртын жырласа, ендігі жерде халқымыз әйгілі Әбішин жырлайды деп ойлаймын.

***Қадірлі қауым!***

Шын суреткердің қолына қалам алғандағы асыл арманы туған халқын әлемге таныту болатыны белгілі. Бұл тұрғыда Әбіш аға – борышы өтелген бақытты жазушы.

Еуропадағы бірнеше әдеби ұйым оны тұтас ғасырдың тұғырлы тұлғалары Толстой, Әуезов, Достоевский, Чехов, Маркес, Хемингуэй, Паустовский, Айтматов, Ғамзатовпен бірге арнайы портрет-плакатқа шығарып, жүзжылдықтың үздік жүз қаламгері санатына қосты.

Осылайша оймақтай Оңдыдан шығып, қазақ әдебиетіне алғашқы қадамынан «Алтын шуақ» әкелген Кекілбаев көзі тірісінде әлем әдебиетінің көрнекті өкіліне айналды.

Оның ұлттық интеллектуалдық қазынамызға айналған тамаша туындылары дүниежүзінің алуан тіліне аударылып, халқымыздың талайлы тағдырын, мұңы мен сырын төртқұл дүниеге танытуда.

Алаштың алауын өшірмеген ғұлама қаламгер Мұхтар Әуезовтен бата алған дегдар аға – дархан даладай даңғайыр дарын, теңіздей терең тұлға еді.

Кенді түбектің жомарт табиғаты оған әулиелі Маңғыстаудың өзгеге ұқсамайтын ғажабындай ғаламат шабыт пен сарқылмас қуатты аямай берген.

Сонымен қатар, ол мемлекетшіл қайраткер, ақиқаттың алдаспаны еді. Әбекең ел алдында сөйлесе ағынан жарылып, адалынан сөйлейтін, аудиторияны ұршықтай иіріп, уыздай ұйытатын шешен еді.

Ол баяндағанда анықтың өзі айқынданып, дұрыстың өзі түзеленіп кеткендей көрінетін. Дәлелді әрі дәйекті айтылған әр сөзі тыңдаушыны әсерлендірмей қоймайтын еді.




Өйткені Кекілбаев кеңістігі тыңдаушы көкейіне ізгілік ұялатып, рухани кемелдендіріп жіберетін.

Ел Парламентінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болған Әбіш Кекілбаев Отанға қалтқысыз қызмет етудің өшпес өнегесін көрсетті.

Тәуелсіздіктің елең-алаңынан Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді серіктерінің біріне айналған ол ұлттық идеологияның қалыптасуында өз қолтаңбасын қалдырды.

Осылайша халқына жасаған қызметі жоғары бағаланып, Қазақстанның Еңбек Ері атанды.

Кезінде Парламент Сенатында қызметтес болып, жақын сыйласқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әбіш мерейтойының шымылдығын ашқан сөзінде сан қырлы суреткер туралы «Әбіштану дәуірі енді басталды» деген еді. Ал қаламгердің ойшылдығын арқау еткен Сауытбек Абдрахмановтың «Абыз Әбіш» атты зерттеу кітабының алғысөзінде Мемлекет басшысы: «Әбіш Кекілбаев – біздің халқымыздың рухани әлеуетін әлем алдында айқара ашуға мүмкіндік беретін алып тұлғаларымыздың бірі де бірегейі» деп айшықты айтты.

Түптеп келгенде, Әбішті тану – оның терең ой-парасатына сүйсіндіретін, отансүйгіштік рухын түйсіндіретін ғибраты мол шара.

Әбіштанудың терең тағылымы осында жатыр. Дана да дара суреткер Әбіш Кекілбаев шығармаларын қайталап оқып тұру бәрімізді рухани шыңдалуға, кемелденуге үндейді.

Себебі кемеңгер Кекілбаев кеңістігі – өзінше бөлек әлем.

Бұл кеңістікке кездейсоқ болса да бас сұққан адам абыз жазушының кітаптарында қатталған, көкейлерде жатталған парасатты пайымдарына еріксіз оралып соғып отырады.

Өйткені ол оқырманын баурап алатын тұңғиық дүние. «Әбіш әлемі» дейтін жаңа терминнің қалыптаса бастауы – осының дәлелі.

Өзіміз де осы мерейтойға қатыса жүріп, аяулы Әбекеңмен қайта бір дидарласып, сырласқандай әсерде болдық. Біз Әбіштей данагөймен таныс-біліс ғана емес, аралас-құралас ғана емес, рухтас бауыр ретінде қарым-қатынас жасау бақытына, сөйлесу, пікірлесу, ақыл-кеңесін есту бақытына, ал егер әр нәрсені өз атымен атар болсақ, ұлы адамды көру бақытына ие болғанымызды мына өмірдегі баға жетпес байлығымыз деп білеміз.

Асау теңіздегі алып кеменің байсалды жүзгені сияқты Әбіш Кекілбаевтың ақыл-ой тебіренісі де ешбір толқын бетінен қайтара алмайтын салмақты құбылысқа ұқсайды.

Бүгілмес берік, бөгелмес байыпты Әбекең – ғажап суреткер, сұңғыла саясаткер, білікті басшы, қай қалыпқа салсаң да қайыспас қара нар болатын.

«Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем. Суреткер болмасам, күрескер де болмас ем» деген сөзі Әбіш Кекілбаевтың өмірлік кредосы, айнымас ақиқаты еді.

Сондықтан ол асқан жауапкершілік пен ыждағаттылықты талап ететін мемлекет ісінен қол үзбей жүріп, әдебиетімізге шоқтығы биік шоғыр-шоғыр шығармалар берді.

Абыройлы міндеттің салмағын санамен, ауырлығын армен, өлшемін өремен көтере білді.

Әйтпесе оның мемлекеттік басқару ісіндегі жетістігі мен белсенділігінің өзі бір адамның ғұмырына жететіндей еді.

Мемлекеттік қызметтегі міндеті мен суреткерлік мұратын бір арнаға тоғыстырған ғұлама жазушы халқына қай салада болмасын өлшеусіз пайдасын тигізді.

Әбіш-абыз әдебиет пен өнердің барлық саласында жасампаздықпен еңбек етті.

Көптеген қаламгер сияқты Әбіш ағаның да әдебиетке өлеңмен келгені белгілі. Ол жан түкпіріндегі сырларын, көкейіндегі көркем ойларын өлеңмен өрнектеді.

Кемеңгер Кекілбаев келе-келе көшелі проза мен кесімді көсемсөз саласында кеңінен көсілер шаққа жеткенде өлеңді жанынан тастаған жоқ, қасиетті де киелі өнермен арасын суытқан емес.

Әрине, Әбіш аға – ең әуелі қара сөздің қасиетін терген жампоз жазушы. Ол «Күй» хикаяты арқылы сонау 1966 жылы әлемдік әдебиет кеңістігіне философиялық-әлеуметтік терең мағынаға ие болған Мәңгүрт образын алғаш рет әкелді.

Ол Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын, Шекспирдің «Король Лир» драмасын, Ги де Мопассанның «Өмір» романын аударып, болашақ қаламгерлік сапардағы шеберлік нақысын шыңдады.

Кино және театр өнерінде де өшпес із қалдырып, қазақ драматургиясының дамуына айрықша үлес қосты.

Тарихи даразоздарымыздың есімдерін жаңғыртуда ұшан-теңіз еңбек етті. Сөйтіп әдебиет әлеміне рухы мұқалмайтын, арнамысқа адал кейіпкерлер галереясын сыйлады.

Айтулы тарихи тұлғалардың ішкі әлеміне психологиялық қырағылықпен, математикалық дәлдікпен үңіліп, оқырманына шытырман мінезді шынайы образ етіп ұсынды.

Осылайша ол оқырманын зерлі сөзбен тұрғызған жауһар ескерткіштер секілді Шыңғыс хан, Әмір Темір, Әбілқайыр хан, Абылай хан бейнелерімен тарихтың қайталанбас қатпар-қатпар қойнауларында бетпе-бет кездестіргендей әсерге бөлей алды.

Сөз сардары Әбекең киелі әдебиет табалдырығын өрелі өлеңмен аттап, көсемсөз, сын, сапарнама, күй мен сан алуан көркем өнердің өрісті табиғатын саралаған зерттеулер жазып артына өнегелі мектеп қалдырды.

Дарабоз суреткер рухани кемелдік ретінде ар тазалығын, сезім шынайылығын және биік мұратты таңдады.

Әбіш әлемінің мінсіз құнарлы құрылысы да, феномендік құбылысы да оның жүрек тазалығының жұпар шырайында еді. Ол кісі не жазса да, не айтса да, немен шұғылданса да ақиқаттан айналып өтпеуді мұрат ететін.

Әбіш аға осы ұстанымы мен жазудағы адалдық кредосын мемлекеттік қызметте де қатаң сақтады.

Ақиқат жолын таңдаған жазушы мемлекет қызметінде отырып та абыздық саф мінезінен айныған емес.

Оның «Біздің ешқайсымыздың заңнан асқан қатал, не заңнан асқан кеңпейіл болуға хақымыз жоқ» деп жазғаны сондықтан еді.

Шындық пен шынайылықты, адалдық пен ақиқатты тұғыр еткен турашыл тұлға әрдайым халықтың үдесі мен мемлекеттің мүддесін биік қоятын.

***Ардақты ағайын!***

Әбіш – бар қазаққа ортақ тұлға.

Сондықтан Қазақстанның барша аймағы Әбішті өз ұлдарындай құрметтейді, мақтан тұтады.

Суреткердің өзі де қазақ даласын жанындай жақсы көрді, әр өңір оған өзінің туған топырағындай, асыл тұмарындай ыстық болды.

Сондықтан болса керек, Әбіш ағамыз тұтас қазақ тарихын, оның өткен өмірін терең білетін сұңғыла еді.

Әбіш рухы қазақтың мәңгі жанында һәм жадында.

Қаламға – қанат, ғаламға – ғаламат, кемге – тілек, елге – тірек, ұлтқа жүрек болған болмыс иесі ұрпақты жебеген бабасы Қорқыт, атасы Пір Бекеттей енді өзі де ұлтына ұран болары анық. Сол арқылы жұртының жүрегінде, елінің есінде мәңгі жасай береді.

«Тарихта адамзат алдындағы қадір-қасиеті тек бір ғана ғұмырдың ауқымымен өлшенбейтін елден ерек ересен тұлғалар болады» деп өзі айтқандай, Әбіш аға туы жығылмайтын тау-тұлғаға айналды.

Өйткені «өлмейтұғын артында сөз қалдырған» Әбіш Кекілбаевтың мол мұрасы адамзат өміріне әлі де мыңдаған жылдар бойы қызмет ете берері сөзсіз.

Әбіш жазарын жазып, айтарын айтып кетті. Уақыт алдындағы, тарих алдындағы, халық алдындағы сынақтан абыроймен өтті. Ендігі сынақ біздің өзімізге түседі. Қазақтың ұлттық рухының әлемге Әбіш арқылы қалай жетуі енді бізге байланысты. Әбіш сөзінің тереңін өзіміздің тереңірек тануымыз, басқаларға танытуымыз, сол сырлы әлемнің жұмбағын ашуымыз біздің халықтық өремізге сын болмақ. Бұл сынақтан да сыр бермейміз деп сенгіміз келеді. Тиісті жұмысты жүйелі жүргізе білсек, біз Әбішті әлем алдында маңдайымызға ұстай аламыз. Әбіш Кекілбаевта арғы-бергідегі ұлы жазушыларға, ұлы ойшылдарға тән қасиеттердің бәрі де бар.

Әбіш – тек қазақтың ғана емес, түбі бір түркі жұртының ортақ мақтанышы ретінде де ардақталуға лайықты тұлға.

Абыз – аңызға айналды.

Алаштың алыбы – Әбіш Кекілбаев жұртының жүрегінде, елінің есінде мәңгі жасай береді!

Әдебиет тойы, руханият мерекесі құтты болсын!

Әбіш рухы асқақтай берсін, ағайын!

**БРИФИНГ**

**Облыс әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Жалағаш ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев ҚР Президенті Жолдауынан туындаған міндеттер мен алдағы жоспарларды, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларымен таныстырды.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**




## Жалағаш ауданы:
## Мол табыс ерен еңбекпен келеді

Аудан әкімінің айтуынша, биылғы 10 айда ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жоғары.

– Өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелер мен кәсіпорындар, жеке сектор 4054,3 млн теңгенің өнімін өндірді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12,5 процентке артық. Өнеркәсіп өнімдеріне талдау жасағанда, өңдеу өнеркәсібінің 109,3 процентке артқаны байқалады. Ал аудан бюджетінің көлемі бүгінгі күнге 12,2 млрд теңгеге жетті, – деді Қайратбек Әубәкірұлы.

Аудан ауыл шаруашылығы саласы бойынша жыл сайын мол табысқа қол жеткізіп, өңір қазынасының ұлғаюына үлес қосып келеді. Биыл 36665 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, былтырмен салыстырғанда 2,2 процентке артқан.

– Биыл диқандар ерен еңбектің үлгісін көрсетіп 21800 гектар күріштің әр гектарынан 63 центнер өнім жинады. Сонымен бірге, 6090 тонна картоп, 18373 тонна көкөніс, 26268 тонна бақша өнімін алды. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында 41 техника сатып алынды. Осындай тынымсыз тірліктің нәтижесінде биыл облыс көлемінде агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытында жоғары көрсеткішке жеткен ауданымыз «Алтын дән» мерекесінде бірінші орынды иеленді, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ, аудан әкімі шаруалардың мал басын арттыруда мемлекет ұсынған бағдарламаларды тиімді пайдаланып, нәтижесінде мал шаруашылығы саласында төрт түлік басы өскенін айтты. Мәселен, былтыр осы кезеңмен салыстырғанда ірі қара 2 процентке, жылқы 7,8, түйе 1,1, үй құстары 15,9 процентке артса, қой-ешкі 96,8 процентті құрап отыр.

Мал шаруашылығымен айналысатын 88 шаруашылық бар. Таң ауылында «Агролидер Таң» ЖШС ет өнімдерін қайта өңдеу цехын ашқан. Цех тәулігіне 800 кг, жылына 120 мың тонна ет өнімдерін өңдейді. Жалпы ауданда ет өндіру 102,3 процентке, сүт өндіру 101 процентке, жұмыртқа өндіру 102,2 процентке орындалған. Мұнан бөлек, биыл 128 бас тоқты Иран республикасына экспортталған.

Ақсу ауылдық округінде «Қиясов Еркебұлан» ЖК Ресейден 100 бас асылтұқымды қалмақ сиырын әкеліп, кәсібін дөңгелетуде.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығына сәйкес облыс бойынша іріктелген тіректі және спутниктік елді мекендер тізіміне ауданнан 8 елді мекен енгізілген. Осыған орай, «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасына келер жылға Жалағаш кенті, Ақсу және Аққұм ауылдары бойынша республикалық бюджеттен қаржыландыруға 1889,7 млн теңгенің 11 жобасы ұсынылған.

Ауданда білім беру, денсаулық сақтау салаларына аса көңіл бөлінген. Өткен оқу жылында 287 оқушы 11 сыныпты аяқтаса, 226-сы ҰБТ-ға қатысқан. Орташа балл 85,6-ны құраған. Мектеп бітірушілердің барлығы жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түскен.

Былтырдан бастап барлық емханалар мен ауруханалар қағазсыз, яғни, цифрлы жүйеге көшіріліп, жұмыс жасауда. Ауданның емдеу мекемелерінде 92 дәрігер, 463 орта буын медицина қызметкері жұмыс істейді. Есепті мерзімде 623 бала дүниеге келген. Соңғы 10 жылда ана өлімі тіркелмеген.

Тұрғын үй, құрылыс, газдандыру бағытында да ауқымды жұмыстар көп.

## Сырдария ауданы:
## Кәсіпкерлік кең өріс алды

**Сырдария ауданының экономикалық дамуында оң өзгерістер бар. Осы уақытқа дейін аудан экономикасына 54 млрд теңгеден астам инвестиция тартылып, көрсеткіш 72,4 процентке артқан. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Руслан Рүстемов хабарлады.**

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**




Оның айтуынша, өндіріс орындары 1 млрд 349 млн теңгенің өнімін өндірген. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,7 процентке өскен.

– Өздеріңізге белгілі, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа белестерге көтерілді. Биыл 21050 гектар жерге күріш дақылы егілді. Орташа есеппен гектарынан 63,5 центнерден өнім алдық. Айта кету керек, биыл облыстың индустриалды картасына «Шаған» шаруа қожалығының қуаттылығы 630 тонна күріш ақтау цехының құрылысын салу» жобасын енгізіп отырмыз. 150 млн теңгені құрайтын жоба жүзеге асса, айына 70 тонна ақталып, 25 адам жұмыспен қамтылатын болады, – деді ол.

Ауданда кәсіпкерлік саласы да кең өріс алуда. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту мақсатында арнайы «Жол картасы» белгіленген. Қазіргі күні өңірде 2313 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Оның ішінде 2095-і жұмыс жасайды. Жыл басынан бері кәсіпкерлікті қолдаудың барлық бағдарламасы бойынша 763,6 млн теңгенің 285 жобасы қаржыландырылып, 269 жұмыс орны құрылған. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 93 адамға 284 млн 186 мың теңге шағын несие берілген. Ал «Жаңа бизнес идеяларды іске асыру» тетігі негізінде 130 адам конкурс нәтижесімен жеңімпаз атанып, 54540 теңгеден алған.

– Жуырда XI Халықаралық «Baikonyr Invest» инвестициялық форумы өтті. Форум аясында «Ақжарма-2» шаруа қожалығының 370 млн теңгені құрайтын күріш ақтап, тазалайтын және кіші пастерленген сүт зауыттарын іске қосу, жылыжай және бау-бақша өнімдерін сақтайтын қойма салу жобасына ынтымақтастық меморандумын жасадық. Бұл жоба жүзеге асса, халықты жұмыспен қамтып қана қоймай, аудан экономикасының дамуына өз септігін тигізетін болады, – деді аудан әкімі.

Ауданда газдандыру жұмыстары да басталған. Бүгінде жалпы құны 2 млрд 400 млн теңгені құрайтын Тереңөзек кентін газдандыру жұмыстары 2 жылға жоспарлануда. Газ құбырлары желісінің құрылысын «Әлия-Сервис» серіктестігі жүргізеді. Биыл кенттің бірқатар көшелері мен 9 әлеуметтік нысаны газға қосылса, алдағы жылы 11 әлеуметтік нысанның қазандықтары қайта жаңғыртудан өтеді.

Сырдарияда жастар мәселесі де назардан тыс қалған емес. Мұндағы жаңа бастаманың бірі – «Тереңөзек жастары» қоғамдық қорының құрылуы. Бұл қор арқылы биыл өз кәсібін бастаймын деген 22 адамға мемлекеттік грантқа қатысу үшін 3,6 млн теңге көлемінде қолдау көрсетілген. Сонымен қатар, Айдарлы, Шіркейлі, А.Тоқмағанбетов, Ақжарма ауылдық округтерінде Жастар бригадалары құрылып, 47 адам жұмыспен қамтылған. Ал, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» жаңа ғимаратқа көшкен. Жалпы, қай саланы алсақ та, ауданда тың серпін бар екені көрініп тұр.

– Алдағы жылы да ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, жаппай кәсіпкерлікті дамыту, тұрақты жұмыс орындарын ашу, салық түсімін молайту, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, әлеуметтік нысандарды көгілдір отынға қосу, елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, жастарға қолдау көрсету жұмыстары жалғасын табатын болады, – деді Руслан Рүстемұлы.

Жиын соңында БАҚ өкілдері тарапынан сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды.

"SYR BOIY" GAZETINIŃ ARNAIY BETI






# Жүректегі маздаған жыр жалыны

Сыр елі қашаннан ақын-жыршылардан кенде болмаған. «Сыр сүлейлері» деген сөз тіркесінің қалыптасуына тікелей осы өнердің әсері бар. Ескі қазақы түсінікте «сүлей» «су иесі» деген мағынаға келеді. Біз айтып отырған теңеу, «сүлей» сөзін «жыр иесі» деген түсінікпен қабылдағанымыз жөн секілді. Мәселе атауда емес, қандай мағына берсе де сөздік қорымыздан мықтап орын алған қастерлі сөз Сырдың бойындағы жұртшылыққа ғана тән екені жасырын емес. Сан ғасырлардан бермен қарай өрелі де текті өнерді өрге сүйреп, дәрмені жеткен жеріне дейін өрістетіп келген өнерпаздар тізімін санамалауға біршама уақыт қажет болады.

Расында адам баласы алдыңғы толқынға қарап өседі. Жеті атасынан жыраулық дәстүр үзілмей, осы дәуірге жетіп, мұрат өнерді замана талабына сай дамытып келе жатқан әулеттер де бар. Кешегі уақыттарда Сырдың сырлы өнерінің басында тұрған Жөнелдік әулеті және Дүзбенбет әулеті еді. Жөнелдіктен Ешнияз, Ешнияздан Жүсіп, Жүсіптен Мұзарап пен Мүсілім (ұрпақ жоқ), Мұзараптан Сабыт, Сабыттан кейін шынжыр қатар келе жатқан із үзіліп тұр. Алдағы уақыттарда ізден біреу шығар деген, төреші уақыттан үмітіміз де жоқ емес. Дүзбенбет тұқымы қанындағы саф өнердің үзігін жалғап келеді, құдайға шүкір айтамыз. Текті өнер деуіміздің де мәні осы жерде, қанмен берілетіндігінде жатыр. Таңғы жұпар ауаны тоймай жұтып, көкжиекке көз салған әрбір пенде мына жалғанның соншалықты қиюласа құралғанына тамсана қарайтыны жасырын емес. Әрине, ақылдың көзімен қарай алса. Сол секілді жыраулық өнердің де көкжиегі тым ауқымды әрі жетелі жанның зеренін толтырар әсер етуші жақтары да бар. «Әр адам жыр тыңдайды сана болса, санасыз жыртыңдайды балаларша» деген тәмсіл бекер айтылмаған. Жырдың нәрімен сусындап, жүрегінен өткізе алған кез келген ақыл иесі парасатқа иек артатыны да сондықтан. Ұлттық руханияттың сұрқы қашып, сұлбасы қалған заманда жанкештілікпен өрелі өнерді мұрат тұтып, түпкі міндеттен басын алып қашпай, жырдың жолына құрбан болуға даяр азаматтар да бар.

Дүзбенбет тұқымына тиісті жыраулықтың жалауын желбіретіп келе жатқан Алашқа әйгілі Жиенбай жыраудың шөбересі, Рүстембектің немересі, күміс көмей Көшенейдің бел баласы Арнұр туралы аз жазылып жүрген жоқ. Әкесі жарық дүниемен қоштасқанда небәрі он айлық шақалақ ес біліп етек жиғаннан бастап ата мұраға адалдықпен қызмет етіп келеді. Қармақшы ауданы, Ақжар ауылындағы №28 мектептен онжылдықты бітіргеннен кейін Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның «Халық әні» кафедрасына Сыр бойы мақам-саздары бойынша оқуға түсіп, екінші курсында денсаулығына байланысты Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің белгілі жырау, ҚР еңбегі сіңген қайраткері А.Алматов басқаратын «Халық әні» кафедрасына ауысып, осы іргелі оқу орнын 1995 жылы бітіріп шықты. Арнайы мамандық алып шыққалы аймағымыздың мәдениет саласынан қол үзбей, осы саланың өркендеуіне өз үлесін қосып отырған орны айрықша өнерпаз. Руханиятқа жасаған еңбегі ескерусіз қалмай, осы жылы ҚР Мәдениет министрінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Елімізге белгілі қаншама жас жырауларға ұстаздық етіп, Қармақшы ауданындағы К.Рүстембеков атындағы жыраулар үйінің ашылуына себепші болып, осы мекеменің аяғына тұрып кетуіне үлкен еңбек жасап, алты жыл басшылық жасады. Арнұр – сол кездегі Қармақшы ауданын басқарған өнер жанашыры Нұртаев Рзақұл ағамыздың қолдауымен облысымыздағы «Жыраулар үйі» деген ұғымды қалыптастырушы тұлға. Себебі, бұл Қазақстандағы жалғыз мәдениет ошағы еді. Одан кейінгі жылдарда облыстық филармонияның директоры болып та қызмет етті.

2006 жылы Көшеней Рүстембектің мұрасы жинақталған «Жұлдыз боп аққан жыр ғұмыр» атты кітап, 2016 жылы жыраудың жеке үнтаспасын жарыққа шығарды. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 125 жылдығына арналған республикалық жыршы-жыраулар байқауында бас жүлде – «Джип» автокөлігін иеленді. Алматы қаласында жыршы-жыраулардың «Сыр керуені» атты фестивалін, «Ақмешіттен – Астанаға» аталатын жыраулық фестивалін ұйымдастырды. Арнұрдың еңбегі мен атақтары мұнан да көп, әрине. Бірақ, біз оның бәрін тізбелеуді мақсат тұтып отырған жоқпыз.

Қазіргі уақытта Арнұр Қармақшы аудандық мәдениет үйінің директоры болып қызмет атқаруда. Жалын атқан жастық шағымызды, талай-талай қызығы мен қиындығы мол өмір белестерінен бірге өтіп келеміз. Екеуміз бір жылдың төліміз, жыр мұраның ізінде келе жатқан ақсақал, қарасақалдардан етенелеу қылатын да сол құрдастық. Осы көңіл достыққа бастап, он жеті жасымыздан бірге келеміз. Өзім дегенге өзегін жұлып беруге әзір тұратын қасиеті, өзгеден өзгешелеу етіп тұратыны да сол бабадан дарыған киелі тұрпат болуы мүмкін. Арнұрды атадан қалған мақам-саздарды нәшіне келтіріп орындауы басқадан ерекшелеп тұрады. Иірімдерді беруі, мақамның мәнін келтіретін «а», «ң» дыбыстарының үстінде ырғақты ойнауы осы тұқымға ғана тән ерекшелік екенін, жырдан хабары бар кез келген адам білетін шындық. Көмейден шығатын құмығыңқы қоңыр үн тыңдағанның құлақ құрышын қандыруында да үлкен мән жатыр. Неге? Себебі, діни аңыздарда адамнан бұрын үн пайда болғаны жайлы және ол осы қоңыр үн екені айтылады. Сондықтан кез келген әуен, яғни, музыка адамды ғарыштық байланысқа шығарады. Батыстың даңғаза музыкасы адам бойындағы байланыс сезімін жартылай, яки, белге дейін ғана көтереді. Олардың жұлқына билеп, сондай кездерде өзін ұмыта жұлынып жататыны сондықтан. Ал, қазақтың күйі немесе жыры сол сезімді басаяғы бес минуттың ішінде биік дәрежеге көтеріп, ғарыштық байланысқа түсіру мүмкіндігіне иелік қылады екен. Бұл – әр адамның сана деңгейіне тікелей байланысты жайт. Сондықтан да жырдың өзегі ақыл-нақылға толы болып, көкірекке парасат сәулесін түсіреді. Міне, жоғарыда айтылған жырдың тылсым сырына жауап беруші біріншіден – орындаушыдағы үн, екіншіден – қасиетті қара домбыра. Осы айтылған жақсы қасиеттердің барлығы кейіпкеріміздің бойына ұялап, берік орын алған десек, асыра мақтағандық емес. Арнұрдың ошағының отын жағып, ұрпағын өсіріп, тәрбиелеп отырған жары Салтанат та әуелден осы әулетке жаратылғандай жан. Құдайдың берген Әулет атты ұлы мен Балнұр есімді қызын өсіріп, оқытып отырған бақытты шаңыраққа жақсылықтан басқа тілеріміз жоқ.

Жыр көгінде жарқырап тұрған Дүзбенбет әулетінің сәулесін әлсіретпей, алдағы дәуірлерге жеткізу міндеті де Арнұрдай жыраудың азаматтық міндеті һәм парызы. Осы жолдағы қайырлы әрекеттеріне береке тілейміз. Құдай бойына құйған өнерді мәпелеп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ету бақыты екінің бірінің мандайына жазылмаған.

Атадан балаға, баладан ұрпаққа бұлтармай жол тартқан жырдың көші тоқтамағай!

**Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,**
**жырау,**
**ҚР мәдениет қайраткері.**

## Теміrше ақыннан тәбәрік



Қазақ өлеңінің көрнекті өкілі, қазақ телеайтысының негізін қалаушылардың бірі, ақын Темірше Сарыбаев есімі оқырманға «Дария-дәурен», «Мамырстан», «Мазалай бер, махаббат» жыр жинақтары арқылы жақсы таныс.

Көп жыл Алматыда қызмет етіп, өмірінің ақырғы жылдарында туған жеріне табан тіреген Темірше ақын өмірден өткен соң оның атындағы облыстық жазба ақындардың мүшәйрасын өткізу дәстүрге айналды. Сол жыр бәйгесінен қаншама жас ақындар бәйге алып, жыр әлеміне бет бұрды. Осылайша, ақын шапағаты өзі өмірден өтсе де кейінгілердің кеудесін жарықтандырып жатыр.

Бұл дәстүр биыл да жалғасын тапты. Осы желтоқсанның 11 күні ақынның туған жері Жалағаш ауданында «Шындық-Тәңір» атты жас жазба ақындар мүшәйрасы өткізілмек.

**Сыр елінің өнерлі жастары қаншама халықаралық байқау, фестивальдарға қатысып, ел атын асқақтатып, барған жерінен бәйге алып оралып жүр.**

# Ел атын асқақтатқан біздің таланттар

Біз бүгін өңіріміздің әні мен сәнін келтіріп жүрген филармония өнерпаздарының биылғы жетістіктерін тізбелеп өтпекшіміз:

А.Иманжаппаров – 1-4 наурыз күндері Алматы қаласында өткен К.Байсейітова атындағы IX республикалық вокалистер конкурсынан II орын иемденді.

А.Сқақов – 27-28 сәуір күндері Атырау қаласында өткен «Саз пернелі Сарайшық» атты халықаралық домбырашылар фестивалінде жүлделі 1-ші, Жезқазған қаласының 65 жылдығы, Кетбұға жырау атындағы «Ақсақ құлан» халықаралық күйшілер байқауында III орын иеленді.

Б.Төлеубаев – Жамбыл облысында өткен халық ақыны К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым!» атты республикалық әншілер конкурсынан және Атырау қаласында өткен «Әндария» атты республикалық дәстүрлі орындаушылардың байқауында II орынды иеленді.

Р.Балмасов – 23-25 сәуір күндері Ақтау қаласында өткен Б.Рзаханов атындағы «Сиқырлы таяқша» атты республикалық дирижерлар байқауында III орынды иемденді.

«Ақмешіт» фолкьлорлық ансамблі – 26-30 сәуір аралығында Ақтөбе қаласының 150 жылдығы және Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның 75 жылдығына орай өткен «Jubanovtar áýeni» халықаралық ұлт аспаптар оркестрлері және ансамбльдердің фестиваль-байқауынан бас жүлде иемденді.

Камералық оркестр – 23-24 қыркүйек күні Алматы қаласында өткен «ӘУЕН FEST» қазақ камералық музыка фестивалінде III орын иеленді.

Раджапов Олимджан – 28 қазан-4 қараша аралығында Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен III халықаралық «Jumeirah Sounds» конкурсында II орын алды.



Туған жердің туын жоғары ұстап, қазақ өнерінің алауын алысқа жеткізген барша жерлесімізге шығармашылық шабыт, отбасылық бақыт тілейміз.

**Ғазиза ӘБІЛДА.**

САНАГЕР

# Ақыл-ой тереңде десек – қозғайды өлең мен есеп

Ержеңіс Әбді – болмысы ерекше жігіт. Жиын болған жердің бәріне бара беруге ынталы емес. Көбіне өзіміз шақырып келтіреміз. Мұқтар құрдасы мен Мамыр ағасы екіжақтап жүреді. Кейде Ерекеңнің есіктен кіріп-шыққанын байқамай қалуың да мүмкін. Өкпесінен шыққан ауа дыбысқа айналғанда құлағыңа кібіртектей кіріп, жүрегіңе жаңғырып жетеді. Сөзге ұсталығын айтамын.

Өзін-өзі сүйремейтіні болмаса тегінде ақындық өнер Ержеңіске ерте қоныпты. Оқушы кезінде бір-ақ рет айтысқа түсіп, онда да бас бәйге алған. Онан кейін... қанша мәрте республикалық сөз додасының салымшысы болды, өзбек пен қырғыз елдерінде өткен халықаралық аламан айтыстардан да жүлде алды. Бәлкім, құнарлы, қасиетті топырақта туғандығы шығар.

Ол Аралдың Бөгенінде дүниеге келген. Қазақтың аяулы ақыны Зейнолла Шүкіровтің алтын бесігі, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыровтың жөргегі болған жер, дарынды қаламгер Қуаныш Жиенбайдың, арынды ақын Толыбай Абылайдың ауылы. Ендеше, Ержеңіс неге талантты болмасын?!

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін математика және информатика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген ол бүгінде №3 IT мектеп-лицейінде дәріс береді. «Қызылорда қалалық ең үздік математика пәні мұғалімі» конкурсының жеңімпазы.

Мен де Ержеңістің өзі секілді асықпай айтатын сөзіме енді жеттім.

Жақында қолыма бір қызық кітап түсті. Шынында қызық, өлеңмен жазылған есептер екен. Оқуға кірісіп кеттім, есептердің шешуін ойша тауып, шығара бастадым. 112 беттік кітаптың тамашасы біртe-біртe тылсымына тартып әкетті. Сүйсіндім.

Анасының көп қой көмегі,
Болсын деп білім қорегі.
Екі баласын жетектеп,
Мектепке күнде келеді.

Басқанда Дәулет он қадам,
Бес қадам басып анасы.
Басқанда Дәулет бес қадам,
Үш қадам жүрді ағасы.




Жеткенше Дәулет мектепке,
Жүз елу қадам кетеді.
Ал, енді қалған екеуі,
Неше рет аттап жетеді?

Есептеп көрдім, анасы 75, ағасы 100 қадам жүреді екен. Мына есеп те қызық.

Абдолланың ең семіз,
Тауығы бар он тоғыз.
Әсіресе мыңғырған,
Қойларын шіркін, көрсеңіз.
Аяқтарын бәрінің,
Қосқанда – жүз он сегіз.
Қойлары қанша болды екен,
Есептеп соны берсеңіз.

Әрі өлең, әрі есеп, оған қоса кітап тақырыпқа сай түрлі-түсті суреттермен безендірілген.

Үшінші, төртінші, бесінші оқитын балалардың мұндай есептерге ерекше қызығу танытатыны анық. Есеп шешу әрекетіне баланы өлең де, сурет те жетелеп отырады. Қазіргі компьютер заманында жасөспірімдердің интернет тұзағына түсіп, әбден шатылып жатқанын айту таңсық сөз емес. Үлкендерден тығылып ұялы телефонын тамашалайтын балалар жасқаншақ, өзімшіл келеді. Ортадан жырақтайды, жалғыздыққа бой төсейді. Мұндай әдеттен баланы мың айтып айныту қиын, оның бір төте жолы – кітап оқуға үндеу. Қалайша?

Ержеңіс дәл осы сұрақтың жауабын тапқан! Өйткені биыл көктемде шыққан кітап тез таралып кетіпті. Қаншама ата-ана авторға хабарласыпты. «Баламыз есептердің бәрін шешіп, енді жалғасы бар ма деп сұрап жүр» – депті. Демек, кітап баланың зейін назарын аударта білген.

Білесіз бе, болашақта компьютерде отырғандарды кітап оқығандар басқарады. Бұл сөзді Назарбаев университетінде дәріс оқыған кезінде Елбасы айтқан болатын. Осы көреген сөздің ақиқаты алыс емес сияқты. Сондықтан балаларымызды кітап оқуға дағдыландыру алдыңғы буынның алтын парызы деп есептеймін мен.

Жақында әлеуметтік желіні ақтарып отырып, «Ержеңістің ерекше есептерін» ақтаулық Алдияр есімді оқушы баланың қолынан көрдім. «Ағай, сізге рахмет. Бұл кітаптың жалғасы бар ма?» – деді ол да бейнежазба арқылы.

Бала талғамына сай келіп, талай оқушыны компьютер алдынан алыстатқан бұл кітапты шынында қайта шығаруға бола ма? Баспахананың ақысын жеке қалтасынан төлеген Ержеңістің өзіне қиындау соғары хақ. Олай болса, бұған білім саласының басшылары мен жанашырлары неге араласпайды?

Баланың танымдық белсенділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері деген тармаққа жататын бір тәсіл осындай кітаптарды әдістемелік құрал есебінде пайдалану емес пе? Білімге құмарлық пен шығармашылық ізденісті бала бойына сіңіріп жатқан ұстаздар бұл мәселені маған қарағанда жақсырақ біледі, әрине.

Мен Ержеңіспен жолықтым, шынын айтсам, тағы да өзім шақырып алдым. Алдағы уақытта «Ержеңістің ертектері» деген кітаптың жарық көруі мүмкін екенін айтты.

Еңбегің елдің келешегінен қайтсын. Білім құштарлығын өзің оятқан бір азаматтың ертең қазаққа қызмет ететініне сенем, Ержеңіс.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**

# Қазыналы мекеннің даму қарқыны жоғары

**Биылғы жыл да тәмамдалуға жақын, желтоқсан айына қадам басып отырмыз. Бұл – өткенге талдау жасап, алға жоспар құратын, жан-жағыңа қарайтын уақыт. Әлемдегі түрлі құбылыстар мен қиындықтарға қарамастан, еліміз ілгерілеп келеді. Сарапшылардың мәліметтеріне қарағанда, жыл басынан бері экономика саласының өсімі орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары деңгейде. Бұл жалпы халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне оң өзгерістер әкелері сөзсіз.**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Егер қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырсақ, 2025 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 процентке және одан да жоғары деңгейге жеткізуге болады. Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін Үкімет пен Президент Әкімшілігі отандық және шетелдік сарапшылардың барлық жұмыстарын мұқият саралауы қажет. Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Ұлт Жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыруымыз керек. Бірінші. Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру. «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналды. Индустрияландырудың үшінші бесжылдығын жүргізу барысында жіберілген барлық қателіктерді, олқылықтарды ескеруіміз керек. Бұл мәселелер бойынша менің барлық тапсырмаларымды, ескертпелерімді Үкімет толық орындауға міндетті. Еңбек өнімділігінің нақты өсімін кем дегенде 1,7 есеге арттыруымыз керек. Елімізді өңірдегі көшбасшы ретінде танытып, Орталық Азиядағы беделімізді арттыру – стратегиялық міндет. Бұл – Елбасы айқындаған саяси бағыт-бағдарымыз», деп атап көрсеткен болатын. Қараша айының соңғы аптасында ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Жолдаудан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру бойынша облыстың басты жетістіктері, 10 ай қорытындысы бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

«Осы жылдың 10 айының қорытындысымен бірқатар бағыттарда оң нәтижеге қол жеткіздік. Тұтастай алғанда, жалпы мемлекет саясатын жүйелі іске асыру нәтижесінде соңғы жылдың өзінде өңдеуші өнеркәсіпте өндіру көлемі 5,4% ұлғайды, жұмыспен қамтылғандар саны 71% дерлік, ал, шикізаттық емес экспорт көлемі 49% астам өсті» деп атап өтті аймақ басшысы. Өңір экономикасын әртараптандырудың негізі индустрияландыру саласы. Ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша өнеркәсіптің шикізаттық емес секторындағы өндіріс өсімі 4,4% құраған. Бүгінгі таңда мемлекеттік бағдарлама аясында іске асырылған 24 жобаның 18-і жоспарлы қуаттың 90%-тен 100%-ке жеткен. Жыл соңына дейін Индустрияландырудың екінші бесжылдығы аясында тағы да 3 жобаны іске асыру жоспарлануда, бұл 200-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретіні айтылды. Аталған жетістіктерде аудандардың өзіндік үлесі бар. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде Шиелі ауданының экономикалық-әлеуметтік даму барысын оқырмандар назарына ұсынуды жөн санап отырмыз. Биылғы жылдың 1 қарашасына ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы көрсеткіштері жалпы экономикалық тұрғыдан тұрақты жағдай қалыптасқанын көрсетті.

Макроэкономикалық көрсеткіштер толық орындалды. Ауданның жылдық бюджеті 19 млрд теңгеден асты. Игерілуі 1 қарашаға 100,6 процентті құрады. Мамандардың байыптауынша, көрсеткіш тәуір, яғни, ұйымдастыру жұмыстары мен қадағалаудың қалыпты болғаны деген сөз. Осы жерде тағы да еске сала кетелік, нақты мерзімде Шиелінің 40 елді мекенінде барлығы 82601 адам тұрады. Оның ішінде кент орталығында 32586 адам, ауылдық елді мекендерде 50015 адам тіршілік жасап келеді. Ал ауданның жалпы жер көлемі 3 239 755 гектар.

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы брифингте облыс әкімі: «Күріш – Сыр өңірінің бренді. Биыл күрішшілер әр гектарынан 60,3 центнерден өнім жинап, 530,5 мың тонна күріш салысы қамбаға құйылды. Осылайша жаңа рекордқа қол жетті» деді. Бұл қатарда ауданның бір өзінен 41 Еңбек ері, «дала академигі», екі мәрте Еңбек ері атанған Ыбырай Жақаев ізбасарларының қосқан үлесі мол екенін айтқан орынды болар.

– Үстіміздегі жылы аудан бойынша 29 595 гектар жерге егін егілді. Атап айтсақ, негізгі дақыл күріш 12 475 гектар, күздік бидай 1000 гектар, жаздық бидай 332 гектар, тары 75 гектар, мақсары 1896 гектар, жаңа жоңышқа 3568, ескі жоңышқа 5448 гектар, мал азығындық асқабақ 106 гектар, картоп 1093, көкөніс 1504, бақша өнімдері 2098 гектарды құрайды, – дейді аудан әкімі Әшім Оразбекұлы өз сөзінде. – Елбасы тапсырмасына сәйкес егіс құрылымдарын әртараптандыру бағытында бірқатар жұмыстар жолға қойылған. Жалпы ауыл шаруашылығы саласында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда егін көлемі де, өндірілген өнім көлемі де артты. "Егінші – мәрт, жер – жомарт" демекші, өз нәсібін жерден алған диқан қауымы айтарлықтай табысқа кенелді. Тынымсыз еңбектің арқасында күріштің әр гектарынан 61,6 центнерден өнім алуға қол жетті.

Жоғарыда баяндалғандай, картоп, көкөніс, бақша дақылдарынан да жақсы көрсеткішке қол жетті. Тиісінше, картоптан орта өнім гектарына – 250 центнер, көкөністен 300 және бақша дақылдары 300 центнерден жиналды.

Мал азығының қорын жасақтау мақсатында ескі және жаңа жоңышқадан жоспарға сай өнім алынғаны шаруашылықтардың жан-жақты дамуына зор серпін берері анық.

– Ауданда тамшылатып суару әдісімен 50 гектар алма бағы өсірілуде (Ақтоған а/о-15 гектар, Тартоғай а/о-10 гектар, Гигант а/о-10 гектар), оның 15 гектары биыл егілді. Суды үнемдеп пайдалану бойынша Жаңатұрмыс ауылдық округінде «Байсын» шаруа қожалығы ашық топырақта тамшылатып суару әдісімен 13 гектар жерге көкөніс дақылдарын ексе, бұдан бөлек Ақмая, Алмалы, Ақтоған, Талаптан ауылдық округтерде су үнемдеу мақсатында плёнка қолдану әдісімен 155 гектар жерге көкөніс дақылдары өсіріліп, өнімдер сатылымға шығуда, – деді аудан басшысы.

Аудан басшылығы бірінші кезекте агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін майда шаруашылықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін пайдалана отырып, біріншіден, өндіріс көлемі мен экспортты арттыру, екіншіден, жаппай нәтижелі жұмыспен қамтуды ұйымдастыруды нәтижелі жүргізе білді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру бағытында жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес Ресей Федерациясының қалаларына 15 тонна балық, 275 тонна қауын, 355 тонна қарбыз, 205 тонна қызанақ экспортталды.

Одан бөлек, шілде айынан бастап еліміздің қалаларына 3300 тонна қауын, 3200 тонна қарбыз, 580 тонна қызанақ және 660 тонна қияр жөнелтілген.

Нарықтық қатынас өмірімізге дендеп енді. Мұнда бәсекелестік бәсін арттыру үшін жаңа технологияларды кеңінен пайдалану тиімді екені белгілі. Бұл қазіргі заман талабы екендігі де түсінікті. Осы орайда өсімдік шаруашылығын цифрландырудың басым элементтерін енгізу жұмыстары Шиеліде бастау алғанын айтар едік. Шиелі ауданының «Ақмая» шаруа қожалығында бұл жоба «Өндірістегі инновациялық даму» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырыла бастады. Облыстық бюджет есебінен 52,9 млн теңге қаржы қарастырылған. Бұл шаруаға шаруа қожалығының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Дәулет Жұмбеков бастаған мамандар тарапынан қызығушылық туындап, лайықты қолдау білдірілуде. Осы бағытта «Ақмая» шаруа қожалығының 800 гектар егістік жерінің топырағына агрохимиялық зерттеу жүргізілді, қоректік бөлудің картограммалары жасалды. Бұл платформа (3D қоса алғанда) барлық деректерді яғни, өсімдік айналымын, егу мерзімдері, сорттарын және будандардың кезеңдерін, топырақтың агрохимиялық құрамын, топырақ түріне пестицидтер мен тыңайтқыштарды ұтымды пайдалану, т.б автоматты бақылау және басқару жұмыстарын көрсететін болады. «Ақмая» шаруа қожалығында қазіргі заманғы сенсорлық технологиямен жабдықталған «John Deere» және «Claas» комбайндары қолданылуда. Жоба барлық ықтимал дерек көздерімен тығыз интеграцияны болжайды. Сондықтан ауылшаруашылық техникасының бірегей мүмкіндіктері толығымен пайдаланылатын болады. Тракторлар мен комбайндар сенсорларының ақпараттары біріктіріліп, «Ақмая» шаруа қожалығын «Ақылды ферма» басқаратын болды.

Ауданның даму барысында өнеркәсіп өнімін өңдеу барысының тигізер ықпалы айтарлықтай екені белгілі. Бұл орайда нақты дәлелдемелер келтіретін болсақ, өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелер мен кәсіпорындар 10 айда 25 млрд теңгенің өнімін өндірді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 104,3% құрады. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібінде өнім көлемі 9 млрд теңгеден асып 123,3 процентке орындалды.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 37 млрд теңгеден астам немесе 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 125,8 процентті құрайды. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 24 млрд теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,7 есеге өскен. Тұрғын үй құрылысы 10 айда 43810 шаршы метрге жетіп, 110,1 процентті құрады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Шиеліде жаңа технологияларды кіріктіруде белсенді жұмыстар жалғасын табуда. Осы орайда Сұлутөбе ауылдық округі аумағындағы күніне 50 мВт электр энергиясын өндіретін күн көзінен қуат алатын станцияның орналастырылуын айтуға болады. «Қазына Капитал менеджмент» АҚ мен «Британский холдинг Юнайтед Грин» компаниясының қаржысымен бой көтерген станцияға 23 млрд теңге жұмсалады деп күтілуде.

– Станция көрші аудандар мен Қызылорда қаласын электр қуатымен қамтамасыз ететін болады, қуаттылығы үлкен, болашағы зор, – дейді Әшім Оразбекұлы сұхбат барысында. Тағы бір сүйсінерлігі – жоба жүзеге асқанда ауадағы көміркышқыл газының жылдық шығарылуын 75 мың тоннаға азайтып, шетелдік инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Онда 23 адам жаңа жұмыспен қамтылады, яғни, алдағы жылы пайдалануға берілетін нысан жергілікті халық үшін барынша тиімді болмақ.

Шиелі ауданында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жобалық құны 2 млрд теңгенің 22 жобасы іріктеліп, оның ішінде құны 795 млн теңгені құрайтын 8 жобаның құжаттары қаржы ұйымдарына ұсынылды. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы «Жанұзақ» шаруа қожалығы 16,7 млн теңге несие қаражатын алса, Майлытоғай ауылдық округіндегі «Саят» шаруа қожалығы 8,7 млн теңге көлемінде жақын арада қаржыландырылатын болады. Қалған 6 жоба қаржы ұйымдарының қаралуында. Құны 1 млрд 630 млн теңгені құрайтын 14 жоба құжаттары әзірленіп, қаржы ұйымдарына ұсынылуда.

Шиелі кентінің шығыс бөлігінде 2 гектар жерге 20 жылыжай салынып, 600 тонна өнім алу жоспарлануда.Аталған жобаны жүзеге асыру бағытында бекітілген кестеге сәйкес жобаға қатысатындарды біріктіріп, жүзеге асыратын топ құрылды. Осы жобаға қатысатын кәсіпкерлердің бірігуімен жылыжай бағытында көкөніс өндіретін кооператив құрылып, тиісті жер телімдері табысталды. «Наурыз-Дем» несие серіктестігі арқылы әр кәсіпкерге 4 млн 200 мың теңге қаржы алуына мүмкіндіктер қарастырылған. 20 кәсіпкердің бірігуімен 20 жылыжай құрылысы іске асырылып, тұрақты 40 жаңа жұмыс орны ашылып, өндірілетін өнімнің көлемін 600 тонна болғанда, жылдық табысты 150 млн теңгеге жеткізу көзделуде. Бұл жобаның құны 86 млн теңгені құрайды.

Жоспардың жүзеге сәтті асуы тек көп өнім алумен ғана шектелмейді. «Агробизнес-2020» бағдарламасы бойынша АӨК субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттырады. Мамандардың пайымдауынша, бұл жұмыстардың жүзеге асқанда баға тұрақтылығы сақталмақ.

Мемлекеттік бағдарламалардың өз дәрежесінде орындалуы барысында Шиелі кенті және бірнеше ауылға көгілдір отын келіп, мұндағы халықтың тұрмыс-тіршілігі жеңілдей түсті. Облыс басшылығында болған Қырымбек Көшербаевтың саяси шешімінің игілігін нақты кезеңде облыстың бірнеше аудандары көріп отыр. Оның нақты мысалын оңтүстіктегі Жаңақорған, Шиелі аудандарының тұрғындары көріп отырғандығын қайталап айтсақ, артықтық етпейді деп ойлаймыз. Аудандық тұрғын үй және коммуналдық қызмет бөлімінің берген мәліметіне қарасақ, кент орталығында барлығы 40 бюджеттік нысан болса, оның 27 нысаны газға қосылып үлгерді. Ал 13 нысанды таяу арада газ желісіне қосуға жұмыс жүргізілуде.

Шиелі кенті бойынша газ кіргізуге тиіс 5600 тұрғын үй иесінің 5362-нің өтініші тіркеліп, оның 5359-на монтаж жүргізіліп, 5357-сі газ пайдаланып отыр. Сонымен қатар Шиелі кентіне жақын елді мекендерге тұрғындардың есебінен газ кіргізу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылдың қараша айында Иіркөл ауылдық округі Жақаев ауылына газ берілсе, 7 мамырда Бидайкөл ауылына газ жеткізілді. Жақаев елді мекеніне 43 шақырым газ желісі тартылып, 145 үйге газ кіргізілді. Бидайкөлге 31 шақырым желі тартылып, 70 үйге газ кіргізілді.

Бұрыннан да ауызбірлігі мен ұйымшылдығы, ұжымдаса еңбек етудегі өнегесі бар аудан халқының белсенділігі ерен. Халыққа электр қуаты мен газ, ауыз су тұрақты беріліп келеді. Бұл атқарушы орындардың тиянақты жұмыстарының нәтижесі екені анық.

Ауданның мал шаруашылығы өз дәрежесінде дамып келеді. Атакәсіппен айналысушылар қатары көбейген. 1 қарашадағы мәліметтерге қарағанда, ірі қара 106,5 процентке (59407), қой мен ешкі 109,5% (88111), түйе 102,4% (1504), жылқы 113,8%-ке (15451) жетті. Құс 27646 басты құрады. Биыл ауданға «Сыбаға» бағдарламасы аясында 325 бас асылтұқымды ірі қара аналығын сатып алу жоспары бекітілсе, қазіргі таңда Ресей Федерациясынан 120 бас әкелінді. Бағдарлама бойынша ауданға 7800 бас қой сатып алу жоспарланған.

Экономиканың тіні – шағын кәсіпкерлік. Он айдың қорытындысы бойынша ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 4 655 субъектіге жетіп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 103,5% артты. Оның ішіндегі жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлердің саны 4270-ті құрап, 91,7%-ке жетті. Тиісті кезеңмен салыстырғанда 106,0% артты. Мемлекеттік кірістер басқармасы арқылы 460 жеке кәсіпкер, 28 шаруа қожалық, 24 заңды тұлға тіркеліп, жалпы 512 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі ашылды. Нақты кезеңде мемлекеттік кірістер басқармасы арқылы бюджетке 5 млрд 122,7 млн теңгенің түсімі түсті. Оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктен 1 млрд 536 млн теңге түсім түсіп, жалпы кірістің 29,9 процентін құрады. «Өңірлік инвестиция орталығы» арқылы «Микро Бизнес Қызылорда» бағдарламасы бойынша жобалық құны 76 млн теңгені құрайтын 21 жоба қаржыландырылса, 7 жоба 20 млн теңгеге қолдау алып, құжаттарын ұсынуда.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында проценттік мөлшерлемесін субсидиялау бағыты бойынша биыл жобалық құны 320,3 млн теңгені құрайтын 12 жоба қаржыландырылса, ішінара кепілдендіру бағыты бойынша жобалық құны 108,4 млн теңгені құрайтын 8 жоба қолдау алды. Осы бағдарламаның жаңа бизнес-идеяларды қолдау бағыты бойынша қайтарымсыз грант қаражатын алуға ауданнан құны 25,5 млн теңгені құрайтын 31 жоба ұсынылып, құны 2,9 млн теңгені құрайтын 11 жоба қолдау тапты. Бүгінгі күні барлық мемлекеттік бағдарламалар бойынша ауданнан жобалық құны 1 млрд 381 млн теңгені құрайтын 396 жоба қаржыландырылып, 464 адам жұмыспен қамтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған өз Жолдауында «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңінде Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу. Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға баса мән беру керек. Бірінші. Білім беру сапасын жақсарту» деп бағыт бергеніндей, Шиелі ауданындағы бұл жұмыстар нәтижелілігімен қуантады.

Иә, өткен жылы ғана құрылғанына 90 жыл толған Шиелі ауданының ажары ашық, белесі биік, келешегі де жарқын екендігіне сенімдіміз.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.







№184-185 (19862-19863) 7 желтоқсан, сенбі 2019 жыл

# Сенім қайырымы

**Жұманның жаңа қызмет орнындағы алғашқы жұмыс күні. Кабинетте Сержан екеуі. Олар бұрын іргелес шаруашылықтарда бас агроном міндеттерін бір-бірімен етене араласып, тізерлес атқарған. Көбінесе кеңес беруші Сержан. Бүгін біреуі басшы, екіншісі орынбасары. «Ойы бірдің жолы бір» демекші, бұларды о бастан жақындастырған көпшілік ісіне адалдық. Алдыңғысы өмір сабағын бойына мол сіңірген басалқылы, дүмді азамат, екіншісі білімді, шоқты, райлы сақа жігіт.**



– Жұман, құттылық тілеймін жаңа жұмысыңа. Сені бүгін жұрт жоғары бағалады, сенім білдірді. «Бағаңды білген ерге басыңды бер» деген. Енді бұғып аянарың жоқ. Елге, азаматтар үшін күрделі қызмет етуге мүмкіншілік алдың. Әрдайым істерің оңды, мерейің үстем болуына көмегімді аямаспын, – деді бас агроном.

– Секе, разымын. Бұрыннан сізден мол тәлім алдым. Мен соны еш уақытта ұмытпаймын. Бұйырса, енді ауыр жүкті бірге көтереміз.

Содан бері екі жыл өтіпті. Кеңседе жылдық қорытынды қаралып жатыр. Бөлімше жетекшілері кезекпен есеп беруде. Біреуінің жұмысы көпшілік ойынан шықпады. Осыны арқау етіп бас есепші Түлкібай Жұманды сынға алды.

– Бөлімшенің нашар жұмысын меңгерушінің кінәсімен бірге басшының қателіктерінен көремін. Жұман мырза мықты ұйымдастырушы екенін көрсете алмады. Ол қарамағындағы азаматтарға бірдеңгейлі талап қоя алмай келеді. Сонымен қатар осы азаматтың іскерлігі де анау айтқандай жоғары емес деп санаймын. Сондықтан, осы түйінді мәселені біз бүгін түбегейлі талдап шешуіміз қажет, – деді ол салмақпен.

Әншейінде теп-тегіс дуалдың ой-дөңесін жаңа ғана шыққан күн сәулесінің әшкерелегеніндей бұл да басшының не бар, не жоқ олқылықтарын барынша кері ықпалмен молынан көрсетуге барлық өнерін салды-ай кеп. Тегеуріні қатты көрінді. Ойлағанына жеткен сияқты.

Отырғандар арасында күбір-күбір әңгіме басталды, алаңдаушылық туды. Бұл күтпеген оқыс жағдай еді. Шамасы, жас басшыға қарсы алдын ала ұйымдастырылған қилап әрекет болса керек. Осындай қолайсыз сыбыр бар екенін Сержан сезіп жүретін. Бірақ, тікелей ашық ұрынғаны осы. Ол шешуші кезең келгенін байқады. Өйткені, Жұманды сынағаны мұны да тезге салғаны. Екі жыл бұрын Сержан жұртқа ұғымды, мәністі сөз айтып, Жұманның ұжым басына келуіне мол еңбек сіңірген-тұғын.

Бұл екеуі төрт-бес жыл қатарлас шаруашылықтарда қызмет атқарып ағалы-інідей жақындасып, бір-бірімен ұғынысып кеткен еді. Со жылы көктемнің ауа райы қолайсыздау болып, егін дұрыс көтерілмей, Жұман Сержаннан кеңес сұраған. Ол іні өтінішін қалт жібермей дақылдар алқабын асықпай бірге аралап, егіншіліктің Жұман білмейтін қыры мен сырын ашып салған. Кейін де Сержан Жұманның егісіне соғып, ұлағатты сөзі мен маңызды ескертпелерін аяған жоқ. Қатар жатқан екі шаруашылық мамандары түгіл, екі көршінің бірі кейде іштей болса да қоңсының жетістігіне қызғаныш білдіретіні болады. «Табашымен көрші болсаң, қақпаң биік болсын» дейтіні содан шығар. Сержанда мұндай пендешіліктің алаңсыз жоқ екеніне Жұманның көзі сонда шүбәсіз жеткен. Ол әріптесінің терең біліміне тәнті болған. Шамасы, осы ағасына мол білімнің бұйыруы ол кісінің жоғары адамгершілігіне сай Алланың берген сыйы болар деп ойлаған Жұман.

Сол көмек аяқсыз қалған жоқ, ауа райы қолайлы жылдармен шамалас өнім алынды. Бұл Сержанның абыройын асырды, осыдан соң Жұман бұл кісіні әкесінен кейінгі ұстазым деп сыйлайтын болды. Сержанға Жұманның шыншылдығы ұнайтын. Екеуінің де әділдікке ұмтылысы жоғары. «Жақсыға жақсы үйір» дегендей, олардың бірін-бірі терең ұғынып түсінуі соңында араларына қалтқысыз, қылаусыз сенімді сыналады. Жаңа айтылған уәж Сержанды жайбарақат қалдырмады. Ол орнынан тұрып, алға шықты.

– Уа, ағайын, ауылдастар, соңғы екі жылда бұл біздің бас қосып, ортақ ісіміз турасында ашық пікірлесіп отқанымыз. Жетістігіміз де, кемшілігіміз де бар. Үш бөлімшенің біреуі жақсы жұмыс атқара алмай жатқаны да рас. Бірақ, оның өз себептері бар. Соны ескеруіміз керек, мәселенің түбіне үңілуіміз қажет. Сонда ғана алға нық, сенімді адым жасауға мүмкіншілік туады, - деді бас агроном.

Содан кейін ол арттағы бөлімше кемшіліктерін талдап, басты себептерін түбегейлі ашып берді. Оған Жұманның қатысының жоқ екенін түсіндіріп көрсетті, кемеріне келтіріп, бұлтартпастай нақты дәлелдеді. Сөйтіп, Сержан жұрттың бетін алда тұрған мақсаттарға бұрды, біреулердің ұжымды басшыға қарсы қою әрекетіне тосқауыл қойып тоқтатты.

Осыдан соң бықсыған өсек-әңгіме басылды. Бірақ, оның түп-тамыры жалаңаштанып, суырылып, жойылып ұжым алаңсыз тазарды деп айтуға ерте еді. Қай жерде де, өзгенің оңды ісін көре алмайтын, тек өзіме болсын дейтін жандар кездесетіні белгілі. Осы үлкен ұжымда да сондай пендешілігі басым адамдар бар еді. Олар, әрине, пасық істерін бүктеп, ысырып, біржола жинап қоя салған жоқ.

Бас есепші Түлкібай сол топтың мәмілегері және дем берушісі. Жұман басшылыққа келгесін осыған дейін жасап келген еркін қимылдарын тоқтатуға мәжбүр болған. Бұл оның шымбайына қатты батты. Бұрыннан дәнігіп алған қосымша табыстың көзі жабылғаны оны барынша күйіндірді. Ол Жұманға өлердей ашулы еді. Сыртына шығармағанмен іші құйындай тулайтын. Уақыт өте келе ашуы басылған сыңайлы болғанымен, ол реті келгенде өзі көрінбей, қитықтан ситық шығарып, өзгелерді тасадан басшы соңына салып қоюға көшкен.

***

Жұман Әнуармен жұмыс жайлы пікірлесіп отыр. Осы азаматты жақын тұтып, бөлімше меңгерушілігіне жоғарылатқан өзі. Оның жасы біраз үлкен. Мол тәжірибесі бар, білігі де әжептәуір. Шаруашылықтың бір қапталын көтеріп жүрер деп үміт артқан. Тұтымындағы азаматтарды басқаруда оның ұшқарылығын байқап еді кейінгі кезде Жұман. Сол кемшіліктерін қолмен қойғандай көрсетті. Алайда, басшының осы ағасы жөнінде білмейтін сыры бар. Оның ішімдікке жақындығы. Бұл жағымсыз мінездің кімге де абырой кезіктірмейтіні белгілі. Жеме-жемге келгенде осы азаматтар салиқалықты ұстай алмай қалатын. Ащы судың шылауында жүргенде көңілі көтеріңкі, күйі жадыраңқы болғанымен, ілуде, рабайда орын алатын саналары таза сәттерде олардың сіркесі су көтермейтін.

Алдында Әнуар кемшіліктерін мойындаған кейіп білдірсе де, соңынан ұстамдылық шеңберінен ойысып, сыпайылықты ысыра сала, танауы делдиіп басшыға дүрсе қойды: «Осы сенікі не? Менің соңыма түсіп алдың ғой. Артық өткізгенің, қимайтының қызмет болса, оны қазір-ақ қайтып ала ғой!» деп, түлен түрткендей, ерін бауырына алып, ауыздығын шайнап аусарлық көрсетті. «Ашу барда арым жоқ» деген осы шығар. Бұндай одағай төтен жасы үлкен азаматтан шыққанда Жұман алғашында сасып не дерін білмей де қалды. Сәлден соң бойын жинап: «Қатты кеттіңіз ғой. Ойымда өндіріс мәселесі ғана болатын. Сіз осыны дұрыс түсінбей қалдыңыз білем. Артық айтсам, кешіріңіз» дегеніне де Әнуар ығып тоқтамады, біржола қарасын үзді.

Мұндайды Жұман бұрын көрмеген. «Жылқының аласы сыртында, адамның аласы ішінде» деген осындайдан шыққан болар. Шаруашылық бөлімін басқаратын маман түгіл жай қызметкерге лайық мінез емес. Көзге ұрар дөрекілік пен көңілге дақ салар шеккі бейауыздық. Жасы үлкен азаматтың кәмелетке толмаған жасқа ғана тән таяз шыдамсыздығы. Көңілде көлеңкелі түйткіл қалды. «Шөлдегі шұқанақ суға тоймас» дегендей, азаматтың осынша жасқа келгенше салмақтылық пен сабырға кенелмегеніне Жұман таңғалды.

***

Осы ауылға қызметке келген соң жар жылға жуық, басшыға арналған жаңа пәтер салынып біткенше, Жұман Алтынбектің үйінде тұрған. Алтынбек бөлімше механигі, жасы қатарлас, әйелі балабақша меңгерушісі. Обалы не керек, бұл азамат елгезек, ымырашыл, аққөңіл ұшпа, өзгенің жайын тез табатын жақсы мінезі бар. Біреу көңіліндегіні тауып, басыңа жастық, астыңа төсек болып жатса, кімге ұнамасын?! Жұман оны кейін де ылғи көтермелеп, қолпаштап жүрді. Бірақ, Алла тағала барлығын үйіп-төгіп бір адамға сирек береді ғой, осы жігіт өз ісіне тайқақтау, жеңілтектеу, томақтау болатын. Мұны жұрт та, Сержан да білетін.

Адам әрқашан жоғары лауазымға ұмтылған ғой. Осы мінез биік қабілеттілерге қарағанда іскерлігі пәстеу азаматтарда басымырақ болады екен. Өйткені, олар өз мүмкіншілігін дұрыс, әділ бағалай алмайды, себебі білімі тосаң. Бұларды өмірден мол сыбаға алып қалу мақсаты ғана барынша баурап, орап алған. Солардың қатарында Алтынбек те бар еді. Онсыз да есіре көңілін кейде келіншегінің: «Қашанғы жәй маман болып жүре бересің жұмысқа салынып, сенің де ел қатарлы жұрттың алдына шығатын күнің туар ма екен?» деген сөзі оны елертіп, мүлгіп жатқан шеккі сезімін түртіп қытықтайтын.

Білімді азамат күнделікті атқарып жүрген қызметінен өзіне лайықты қаржылық нәпақасын һәм рухани үлесін алып отырғандықтан ба қызметтік дәрежені аса көп қуалай бермейді. Дегенмен, солардың осы сыпайылығы шамасы төмен адамдарға жол ашып беретінін қайтерсің!..

Содан не керек, бір күні кабинетінде Жұман Сержанмен кез болып пікірлесті. Жәй емес, Алтынбекті бас механик етуге келісімін сұрады. Басшы мұндай қолқа сала бермейтін. Дегенмен, осы пікірлесу Сержанға жеңіл тимеді. Әңгімені Жұман бастады.

– Өзіңіз білесіз, көп жұмыс машина, трактор, комбайндар арқылы бітеді. Бас механигіміз жақында зейнеткерлікке шығады. Ендеше, сол қызметке Алтынбекті қойсақ қалай көресіз? – деді ол.

Сержан күтпеген тосын сауал еді бұл. Әрине, осы қызметтің ұжымда шешуші орны бар екенін жақсы біледі. Алайда, оны салғаннан мазалағаны басшының сол лауазымға лайық емес адамды ұсынғаны. Осыған түсінбеді. Барлық болмысымен мұны қолдамады. Амал жоқ, сауалға жауап қайтару керек.

– Бұл жігіт әлі жас, тәжірибесі аздау ғой, – деді ол, көңілжықпастықпен.

– Жұмысқа кірiскесін тәжірибе келе жатпай ма? – деді Жұман сабырлы үнмен.

Осы мезетте Сержан жол айырықта қалғанын сезді. Бір жағында қораш көрінетін Алтынбек, оңында бағы өрлеген басшы. Шамасы, бұл шешімін қабылдап та қойған. Тек соны сыпайылықпен мақұлдатпақшы ғана. Тіпті оның ақылдаспай-ақ, Алтынбекті жоғары лауазымға қою мүмкіншілігі бар. Сонда не істеу керек? Бұған қалған не бар?.. Осы сәтте оқта-текте көрінетін Сержанның бірбеттігі ояна кетсін. Сол мінез ортақ іске деген жанашырлығы мен адалдығына тап қазір орынды үйлесе қабаттасып, ұйқасым тауып, оның өжеттігін де көрсеткендей еді.

Мұны ол Жұманнан күткен жоқ еді. Бұрынғы Жұманнан. Сонда Жұманның өзгергені ме?.. «Алтын көрсе періште жолдан таяды»-ның кері ме бұл? Шын солай ма?.. Әлде, Жұман білместіктен қателесіп тұр ма? Біреулердің болмашыға алтын басын иіп жағымсыз іске үйір болатыны есіне түсті Сержанның. Жұманға іштей ренжіді. Мұны бірден айтып салуға інісіндей жақын азаматты аяды, көңілін қимады. Бірақ, Сержан әрдайым тура жолдан таймаған. Өйткені, әділдік оның өзгермейтін ұстанымы. Қайда жүрсе де содан алыстай алмайды. Қашықтау, қол үзу мүмкін емес. Ақыры, шегінер жол да қалмады.

– Жоқ, мен қарсымын! Мұндай маманға осы күрделі саланы сеніп тапсыру оны күйретумен тең. Адам тани білсем ертең айтқанымдай болады. Сонда салмақ кімге түседі? Сол ауыр жүк мынау тұрған дәл өзіңе түседі, Жұман!

Осы ашық сөзден кейін Жұманның түрі бұзылып кетті. Кісінің осалдыққа берілуінің бір жолы – алдын ала терең ойланбаған ұйғарымды өзінше дұрыс деп қабылдап, оны көптің талқысына салу. Мұндайда басшы жаңсақ ой мен түбегейлі емес келте шешімнің тұзағына түсіп, құрығына ілініп, жұрт алдында ұятқа қалуы ғажап емес. Жұман қазір дәл сондай осал, екіұшты халде еді. Бірақ, оның өзіне ұсынысы дұрыс көрінетін. Содан болар ол Сержанның уәжін түрпідей қабылдады.

– Сіз менің пікірімді неге теріс дейсіз?! Бұл азаматты мен жақсы білемін. Ұжымға азды-көпті сіңірген еңбегі бар. Оған уәде беріп қойғаным бар еді,-деп, байқамай түпкі ойын да білдіріп алды. Кескінінде реніш табы да жоқ емес.

– Олай болса ақылдасып нең бар еді! Өзің алдын ала кесіп-пішіп қойсаң, менің пайымымды несіне сұрадың? – деді, тағы да қатқылдау үнмен Сержан.

Осы кездесу бұрын бірі мен бірінің әрдайым қай жұмыс болса да ойлары мен түйсігі бір алаңда тоғысатын екі азаматтың көзқарастары мен ұғымдарын екі жаққа бұрып ажыратты, алыстатты. Мүмкін «Білгенің қайсы білмегенді кешірмесең» дегенді бұлар сол сәтте жадынан шығарып алды ма?! Біреуі болмаса, екіншісі сабырға бой алдыра тұруы керек еді. Немесе екеуі де шеккі қызулыққа берілді ме? Ойлары таза болғасын, менікі дұрыс деп бәсеңсімей кеуделеді ме?.. Қалай болғанда да, екі достың аралары қашықтай түсті. Орталарына салқындық кірді. Бұрынғыдай ежіл-қозыл ыстық әңгіме айтылмайтын болды, сұлу-сыпайылық басымдық алды. Неге екенін өзі біледі, Жұман Алтынбекті ақыры жаңа лауазымға қоймады.

***

Бас есепші кабинетінде отыр. Оңаша, ой үстінде. Өткен жиында оңбай ұтылғанын ұмытар емес. Содан бері ұжым алдындағы абыройына нұқсан келді. Енді соны қайтару керек, жөндеп жамау міндет. Оның жолы күресті үдете жалғастыруда. Бірақ, қалай? Ашықтан-ашық кетемін деп пайда таппады, жеңілді. Ендеше, әдісті өзгерту керек шығар.

Осы адам қабілетсіз емес, тыңғылықты білімі бар. Бірақ, сол білімді оң жолға салмайды. Мақсаты, көздегені – өзінің жеке пайдасы. Дәйім өзгені сынағыш, жұртқа мін таққыш. Адам мінезінің ой-шұқырын жақсы біледі. Содан болар, біреуді басқаға салып қоюға ұста. Жұмыс уақытының көбін соған арнайды. Бұл мінез оның студенттік кезінен-ақ басталыпты. Осыдан болар, сол уақытта оған жолдастары «Жантық» деп ат қойыпты.

Түлкібай тынбай бүгін тың жол ойлап тапты. Салмақты Сержанға аудару дұрыс деп шешті ол. Өйткені, Сержан – Жұманның қолдаушысы. Соның қарымды ықпалымен Жұман басшы орынтағын иелік еткен. Сондықтан, Түлкібай өзінің қас жауына оның түбегейлі сенген ең адуынды адамын қарсы қоюды жоспарлап, ойластыруда. Өйткені, Сержан тұрғанда өзгенің тісі Жұманға бата қоюы екіталай.

Бөлмеге Әнуар енді. Бұл екеуінің ым-жымы бір. Түлкібай әріден ойлайтын қақсал, аяр адам, ал Әнуар мәселенің байыбына тыңғылықты жете бермей, кейде үстірт кететін кеппе кеуделеу кісі. Түлкібай пасық ындынын іске асыра бастады. «Құдың көзі қысыңқы» демекші, қасындағының іші-бауырына кіріп, маймөңкелей жорғалады. «Әбеке, халіңіз қалай? Неге көңіліңіз пәс?-деді ол, жұмсақ үнмен жәдігөйленіп.

– Шаттық менен не боқ жесін. Анау менің соңыма түсіп алды ғой.

– Анауың кім?

– Бастықты айтам.

– Е, не бопты соншама?

– Болғаны сол, менің кемшілігім көп екен. Азаннан қара кешке далада жүрсем де, оңды іс бітірмейді екенмін.

– Солай деңіз. Онда басынайын дегені. Құдды барлық жұмысты өзі бітіріп жүргендей. Іске солайымен берілген сіздей маман бізде аз. Бұлай жалғаса берсе жағдай қиындайды. Мұны тоқтату керек!

– Қалай тоқтатасың?!

– Іздей білсек оның жолы көп. Соны бірге ойласайық. Әріптес iнiңiз Нұрлан қандай жігіт? Ол азамат Жұманның ықпалында, соның айтқанынан шықпайды. Және оған басшы да сенеді.

– Білгенде қандай.

– Ендеше, сол азаматқа жол табуымыз керек. Әрдайым осы жадыңызда болсын!

Түлкібайдың есіне өткен бір жиында Жұманның бас агрономға айтқан ескертпесі оралды. Онда басшы бөлімше меңгерушілері мен мамандарға сіз көбірек көңіл бөліп, олардың кәсіби білігін көтеруге баса назар аударыңыз деп еді. Осы айтылған сөзді Түлкібай өзінше өзгертіп пайдаланғысы келді. Ондағысы, Жұманның сөзіне Сержанның қатуланып, ауырлағанын көрсету еді. Осы турасында ол Әнуар екеуі ұзақ сөйлесіп, шешімге келді.

Шамалы уақыт өте егіс басында Әнуар мен Нұрлан кез бола кетті. Екеуі жол жиегіндегі көгалға жайғасты. Әнуар көлігінің қалтасынан ешуақытта үзілмейтін жартылықты шығарды. Нұрлан сыпайылық көрсетіп шегіншектеп еді, жасы үлкен ағаның ырқына бәрібір көніп, қызу әңгіме арнасына түсіп кеткенін байқамай да қалды. Адам ағзасы мен санасын жібітіп, босаңсытатын ащы судың әсері қойсын ба, екеуі бір-біріне сырларын аша бастады. Шыныққан Әнуардай емес, Нұрлан бұрын ояға келді. Жігіттің мәреге жеткенін жіті бақылап отырған Әнуар дереу шабуылға көшті:

– Нұрлан, өмірде көрмегеніңе кезігеді екенсің. Бұл, адам дегенің алагүлік екен ғой.

– Е-е, Әбеке, мұны қайдан көріп, кімнен байқадыңыз?

– Соны айтамын ғой. Әншейінде ішіндегісін сыртына шығармай, мүләйімсіп жүретінін қайтерсің?

– Ендеше, ол адам біздің арамыздан емес шығар?

– Мен де бұрын сен сияқты ойда едім. Қателесіппін. Сондай адам қасымызда жүр.

– Әбеке, айтсаңызшы тез, күттірмей.

– Қоймадың ғой, ендеше айтайын. Бірақ, мұны сен ешкімге шашпа!

– Болды Әбеке, тісімнен шығарсам, кәне.

– Ендеше, тыңда. Сержан ағаң нағыз екі жүздінің өзі.

– Астапыралла!.. Сіз не дедіңіз, Әбеке!

– Айтқаным сол. Сол ағаң өте нашар адам.

– Мен бұған сенбеймін!

– Онда әрі тыңда...

Әнуар Түлкібай екеуі келіскендей Сержанды Жұманның нағыз жауы етіп көрсетті. Жеке отырыста ол сыртынан Жұманға қатты кіжініпті. «Бұл кірменің кім екенін есіне салу керек. Кімнің арқасында осынша абырой-атаққа иелік жасап жүргенін есіне түсіру қажет. Құдайын ұмытайын деген екен» деп шүйілгіпті. Сөйтіп, Түлкібай құрған тұзаққа Нұрлан ілігіп, шыға алмайтындай шатасты.

Әнуармен екеуара болған әңгіме Нұрланның ұнжырғасын түсіріп қатты әсер етті. Сол әңгіме жадынан шықпай-ақ қойды. Қалай шықсын, мұның өмірлік ұстанымын, өзгелер жөніндегі ой-пайымдарын, адамдар қарым-қатысының бұл білетін шама-шарқын тас-талқан етіп қиратып кетсе. Болған іс тіптен де нанымсыз! Сержан ағасының қалай осындай қадамға барғанын олай толғанып, былай ойлап түсінбей-ақ қойды. Тіптен сенімсіз дүние! Сенбейін десе, мұны айтып отырған сол Сержанмен қатарлас бұрыннан сыйлап келген Әнуар ағасы.

Нұрлан өмірдің ащы-тұщысына шомылмаған, мектепте оқығанымен күнделікті өмірін өз қатарларындай сүріп келе жатқан. Содан болар қасында қызметтес жүрген азаматтарға деген сенімі шілденің ыстығында салқын қамыс шошалада ұйыған, үлкен ағаш қасық салсаң төгілмей тек дірілдейтін ғана қою қатықтай болатын. Бүгін сол сенім ыдырап сұйыла бастағандай.

***

«Отыз екі тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» дегендей, Жұман мен Сержан арасындағы әңгіме Алтынбекке жетіпті. Ол Сержанға зіл қадапты. Түлкібаймен бірігіпті. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей, осы азаматтың дәл қазір қолына іліккеніне Түлкібай іштей қатты қуанды. «Іздегенге – сұраған» осы болар. Түлкібайдың кеңесімен Жұман айтты деген сөз таратты ол. «Жақында бас агроном ауысады, орнына ауданнан жас, іскер маман келеді» деген лақап жайылды. Мұны Жұман білмейді. Есесіне бұл әңгіме Сержанға жеткен. «Адам құлағынан семірер» деп бекер айтпаған ғой, осы өсекке Сержан сенгісі келмесе де, елең етті. Бірақ, өсектің құдіреті бар. Адамның ойынан кетпей, тапжылып тұрып алатыны. Сөйтіп, оны бірте-бірте көндіретіні, қармағына ілетіні. Ойда-жоқта кез болған Алтынбектің одағай сөзі жадына орала кетті Сержанның. «Сізді жақыным деп жүрсем, өзгеден бетер маған теріс қарағаныңызға түсінбедім. Мені кеудемнен итерсеңіз, сізді де кемсітер адам табыла қоймас дейсіз бе?!», – деп еді сонда Алтынбек. Осылардың өзара байланысы бар сияқты. Сержан Жұманға тағы ренжіді. Мұның қарсы болғанын Алтынбекке, әрине, Жұман айтты деп ойлады ол. Бірақ, олай емес еді. Бұл сырды Жұман өз жұбайына ғана байқамай айтып қойған. Ал, ол Алтынбектің келіншегімен жақын құрбы. Одан арғысы түсінікті.

***

Алтынбек таратқан қолайсыз хабарды Сержанға Берік жеткізді. Ол ықтиятты жас бригадир. Өзге болса мұның мәнісін бірден Жұманнан сұрап білер еді. Бірақ, өзіне де, өзгеге де талапшыл Сержан емес. Осыған қоса оның аздаған шікәмшілдігі де бар еді. Ол күнде көріп жүрген Жұманнан жөн сұрамады. Күннің жылымығында жер үстіне жанай лақтырылған кесекке кеше жауған қардың қуана жабысып, жұмырлана түсетініндей, бұл екеуінің біріне деген іштей реніші мен өкпесі сол кезеңде дендеп те қалған еді. Мұндайда адам баласы түймедейді түйедей көреді екен. Келісу емес керісуге жақын тұрады. Бәлкім, осындайда азамат ақылынан гөрі жүрегіне сене ме, қалай?.. Осы жауапты сәтте кісіде ақыл сезімнен сәл пәстеу болады екен. Біреуі жылы емеурін білдіріп алға адым шықса ғой, мұны екіншісі лезде қағып алар еді. Сөйтіп, екі азамат қайта табысар еді. Өкінішке қарай, олай болмады. Достар арасы одан сайын салқындай түсті.

Ертеңіне Сержан Берікке тағы жолықты. «Достық бірінші келіспеушілікке дейін екен. Амал қанша. Онда бұл азаматты орнына қояйық», – деді ол.

– Кеше ғана оны өзіңіз қолдап жүр едіңіз ғой?

– Кеше қолдаған болсам, бүгін жағдай өзгеше. Өзінен көрсін!

– Ойыңызда не бар?

– Оны ауылына қайтармыз!

– Әлі де ойлансаңыз қайтеді?

– Мен осы іске әбден ойланып кірісіп отырмын. Берік, сен Нұрланды менің жағыма шығар. Саған нақты тапсырма осы. Өзгелермен сөйлесемін! Барлығын өзім ұйымдастырамын.

***

Екеуі кез бола кетті. «Нұрлан, күнделікті күйкі тірлікпен қатар ел жағдайын да ойлау керек шығар. Көп айт, аз айт Жұман осы жердікі емес. Сондықтан, осы ауылға оның жаны қатты ашиды деп айта алмаймын», – деді Берік.

– Қызық екен! Бұл қайдан шыққан әңгіме?-деді Нұрлан таңданыспен.

– Мұны біраз адам көтеріп жүр. Олардың ойы басшыны осы ауылдың азаматымен ауыстыру.

– Сержан аға біле ме?

– Білгенде қандай. Сол кісі осы істі қазір өз қолына алып отыр.

Бұрын Әнуардың айтқаны осыған дәлме-дәл келіп қалғанын қарашы. Нұрланда енді күмән қалмады. Ол Жұманға жетті. Ойындағысын солайымен ақтарып салды:

– «Сенген сиырым сен болсаң, күйсегеніңді ұрайын», – дегеннен басқа айтарың болмайды екен мұндайда. Сіздің Құдайдай сенген Сержан ағаңыз сыртыңыздан не айтып жүргенін білесіз бе? Ол кісі осы ауылдың азаматтарын сізге қарсы бағыттайды екен.

– Жоқ, мен сенбеймін. Ол кісі бұған бармайды.

– Ендеше барды. Әнеукүні жиналыста сынға алғаныңызды көтере алмапты. «Мынау кірме Құдайын ұмытайын деген екен. Енді бұрын кім болғанын есіне мықтап түсірейін», – деп кіжініпті сыртыңыздан. Ол ағаң арамза топ құрыпты. Соны сіздің соңыңызға салып қойыпты. Мен осыны өтірік айтпайтын сенімді азаматтан естідім.

***

Жұман өз ауылына бір күнге келіп көңілін жазып, ағайын-туысқандарымен араласып, әке аужайын бағып жүр. Ол – сексенді алқымдаған, көпті көрген, кіназ текті, өрісті кісі. Көп жылдар егін шаруашылығының қақ ортасында жауапкершілігі ұшан-теңіз бригадірлік қызметті атқарып, зейнетке шыққан. Өңірге, ауданға белгілі. Ауылда сыйлы, айтары мол, өнегесі биік. Мезгіл екінті әлеті. Әкесіне сәлем береміз, бұған жолығамыз деп келген ағайын қонақасын ішіп-жеп, ұзаған уақ. Баласының көңіл күйін бірден аңғаратын әке ұлының ойында түйткілді мәселе тұрғанын оны көргеннен-ақ аңғарған. Соны білудің сәті енді түсті.

– Балам, маған айтарың бар сияқты. Кәне, мәнзеліңді хабардар ет, бірге ойласайық, - деді ол.

– Ия, көке, қалай біліп қойдыңыз?

– Ертең сен мен сияқты өз ұлыңның жанында тұрсаң, сен де баланның ойындағысын айтпай-ақ сезетін боласың.

– Маған осы қызметке себепші болған Сержан ағаны білесіз. Сол аға жөнінде Сізбен кеңесейін деп едім.

– Оны бұрыннан білем. Мен кісі болған шағымда оның аты ауданға тарай бастаған. Аңғарғаным өте әділ азамат. Білімі терең, адамгершілігі жоғары деп сыртынан қасындағы жұрт айтатын.

– Ол ағаның мен осы қызметке ауысардағы мол еңбегінен де хабардарсыз. Ендеше, соңғы уақытта сол кісі екеуміздің арамыз суып барады.

– Иә, сонда не боп қалды? Тысқары жүргенде айналаңдағы естияр азаматпен тіл табыспай не бітірмексің?!

– Мен тіл табыспайын деп жүргем жоқ. Бірақ, түсінбейтінім көп. Шатасып қалдым, көке.

– Қарадай, тектен-текке шатасып не болды саған?!

– Қателеспеудің жолын біраз іздедім. Бірақ, ұжымда өзге адамдар да бар ғой. Маған бір-екі адам сол ағаны жамандайды.

– Балам, сен ұсақ адамдардың құрған тұзағына түскенсің-ау, шамасы. Есіңде болсын, болымды, текті азаматтар пендешілікке, майдалыққа бармайды. Сержан сондай адам. Сені өзі қызметке қойған кісі саған зиян ойламайды. Қолын өзі кесе ме? Ақылға сыймайды!..

– Маған өзге адам жеткізіп отыр сол ағаның менен бетін теріс бұрып, ор қазғанын.

– Ендеше, сол ортадағы адамды тексер. Ол саған дос емес. Өз қатарың мен кішілер арасындағы қатысыңды өзің білесің. Бірақ, жасы үлкен азаматтарды қатты сыйла, ұлым. «Үлкенді сыйлаған» қазақпыз. «Үлкеннің әмірі – уәжіп» деп бекер айтылмаған. Өзіңнен үлкен азамат көп жасаған, сондықтан сенен гөрі мол көрген, өмірді кең біледі. Бір сырымды айтайын. Сендей, мүмкін сенен де жастау кезім. Қатардағы агрономмын. Алайда, менің көңілім «нан пісірердей». Бірде байырғы диқанмен келіспей қалдым. Мәселе егіс күтімінде еді. Мен кітаптан оқығанымды айнытпай орындау керек деп егіншілерге қысым көрсеттім. Ал, жаңағы кісі өзінің тәжірибесіне сүйене тыңайтқышты қазір емес, екі жеті өткесін беру керектігін дәлелдеп тұрып алды. Қайратым мол, тайынатыным жоқ, ақыры менің айтқаным болды. Бірақ, тыңайтқыш жетпей қалды. Оны әкелеміз дегенше он күн-екі жеті уақыт та өтіп кетті. Сөйтіп, қалған егісті жаңағы диқан айтқан мерзімде қоректендірдік. Қызығы, соңынан тыңайтқыш берілген жерден өнім анағұрлым мол түсті. Өзгелер осыны іштей білген шығар, мен жұрт алдында өз қатемді мойындауға батылым жетпеді, сол азаматтан оңашада кешірім сұрадым. Менің осыған ғана шамам келді. Саған айтар тәмсілім осы, балам!

– Сөйлескеніңіз жөн болған екен.

– Міне, осыдан соң мен жасы үлкен, көпті көрген азаматтардың алдында басымды әрдайым иіп жүрдім. Одан кем болған жоқпын. Біле білсең, үлкенді сыйлағаның – өз келешегіңді ойлағаның. Бұл, сөз жоқ, алдыңнан шығады. Сені тағы бір қателіктен сақтандырғым келеді. Адамның бәрі жақсы, үңіле білсең, түсінуге ұмсынсаң оларда жағымды қасиеттер табылады. Бірақ, жақсылардың да жақсысы болады. Сондай болымды азаматтармен қызметтес жүру – ғанибет, өмірлік мектеп. Өйткені, олардың көңілі дарқан, ойы кең, пейілі адал. Уәдеге берік. Сенімі қайырымды, таза. Меніңше, Сержан сондай адам. Осы есіңде болсын, ұлым!

***

Жұман оңаша қалып дегбірсіздене ойға шомды. Әзәзіл сықылықтап: «Сенбе ол ағаңа, ол да пенде. Оның да ойлайтыны өз қамы. Сені пайдаланғысы келеді. Қашық ұста одан өзіңді» десе, ақыл салмақпен: «Асықпа, ойлан. Түбіне, байыбына жет! Не нәрсені бүлдіру оңай, қалпына келтіру қиын» дейді.

Әкесінің осы азамат жағында екенін сезеді. Бірақ, ол бар шындықты білмейді. Сержан шектен шығып бара жатыр. Ол мұның ішкі жұмысына қол сұғып отыр ғой. Осыған қалай көніп шыдарсың?!..

Мұнда қоныс аударып көшіп бара жатқанда әкесінің: «Қиын уақта сабырға жол бер, балам!» дегені есіне түсе кетті. «Ата өсиеті түсінікті, қарапайым, орындалуы неткен ауыр еді» деп Жұман күрсінді. Әкенің өткір қарасы көз алдында тұрып алды кетпей. Ол амалының жоғынан сұрапыл тебіреніспен перзенттік міндетін оң етті. Райынан қайта бастады. Сөйтіп, сабыр таразы басты. Сезім ақылға жол берді...

Маған сонша игілік істеген текті азамат мұндай пендешілікке қалай барады? Барды ма, жоқ па? Олай болуы мүмкін емес!.. Онда бұл жалғанда адамға сенуді қою керек! Сонда «Адам күні адаммен» деп бабаларымыз бекер айтқан ба?! Жоқ! Бабалар ешуақытта қателеспеген!.. Өмірдің қысылтаяң кезеңдерінде солайымен беріліп, шынайы ақылдасар, сүйенер, көмек сұрар адамың болмаса, өмірдің бәсі не болмақ?!.. Есіне мұның отбасында Сержанның көпшілік алдында: «Мен әрдайым Жұман інімнің ісіне толық разымын. Ал, Жұманның маған көңілі тола ма, басқа ма, оны өзі біледі» дегені түсті. «Апырай-ә, сол мезетте осы сөздерді де Сержан аға өтірік айтқаны ма?»-деп Жұманның ойы зу етіп, іші мұздап кетті... «Жо, жоқ! Бұл мүмкін емес!..»

***

Осыны өз қолымен істеген Сержан қатты толқыныста. Ол Жұманның жастығын, албырттығын ескермепті. Жұман мұндай күрделі жағдайды әлі көрмеген ғой. Осы сыннан өтсе жақсы! Өте алмаса ше?!.. Онда мұның басшыға істегені зорлық! Бұрын да Берікке Сержан жорта, қасақана өтірік айтқан. Мақсаты Жұманды сынау ғана еді. Ал, Берік өзінше бірнәрсе бүлдіріп қойса ше?!.. Осыны ойлағанда Сержанның зәресі кетті. «Ойыннан от шығады» деген шақар сөз санасын жалындай шарпыды. Берікке айтылғанның ойын екенін тек өзі біледі. Бұл сынақ Жұманды қатерге ұрындыруы мүмкін екенін жаңа ғана түсінді Сержан. Сонда не істеу қажет?.. Жылдам Жұманмен жолығу керек!

Сержан сыртқа шығайын деп жиналып жатыр. Зайыбы Жұманның келгенін айтысымен артынша оның өзі де бұл отырған бөлмеге енді. Сержан қобалжыңқырап орнынан тұра берді. Жұман кірісімен ағасын құшағына алды. Әсте жіберер емес. Сержан да інісін қатты қысты бауырына. Құдды, бірін-бірі көптен көрмегендей. Әйтпесе, бұлар күнде жолығып жүр ғой. «Аға, мен келдім не деп, не айтсаңыз да! Қиналдым! Мүлде шаршадым! Бұдан былай шыдар емеспін!» деді дауысы дірілдеңкіреп Жұман.

– Жұман, сен кешір мені!

– Мұныңыз не, аға? Мен сізді не үшін кешіруім керек?!

– Менің қатем бар жіберген!

– Ол не аға? Мен түк түсінбедім ғой!..

Сержан болған істі айтып берді. Жұман таңдана тыңдап болды.

– Айтыңызшы, сіз жұрттың жеткізгеніндей іс жасаған жоқсыз ғой, аға?

– Әрине, істегем жоқ!

– Мені Құдай сақтаған екен! Мың да шүкір Аллаға! Сіздің адал екеніңізді жүрегім сезген!..

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры.**

ТАҒЗЫМ

# Сыр медицинасындағы өшпес есім

**Сыр өңірінің денсаулық сақтау саласында соңында өзіндік қолтаңба қалдырған құрметті азаматтардың бірі Мұхтар Бейісұлы екеніне ешкімнің таласы бола қоймас. Ол өз дәрігерлік жолын медицинаның аса күрделі де жауапты тармағы – ана мен бала денсаулығын қорғаудан бастады. Кейін саланың басқа бөлігінде де өзінің бірегей тұлға екенін ісімен көрсете білді.**



М.Бейісұлы 1949 жылы Арал ауданы Шөмішкөл елді мекенінде дүние есігін ашты. 1967 жылы Арал қаласындағы Т.Шевченко атындағы орта мектепті бітірді. Еңбекке ерте араласып, «Қызылорда құрылыс тресі» мекемесінің Аралдағы бөлімшесінде столяр-ағаш ұстасы болды. Мектепті жаңа бітірген жас баланың өзіне тапсырылған жұмысқа ыждағаттылығы және құрылысқа қабілетті болар, ұжымда өзін кәнігі ұста ретінде таныта білді. Кеңестік армия қатарына шақырылып, екі жыл ел қорғау ісіне араласты. Белоруссияның атақты «Брест» қамалында, кейін Чехословакия елінде әскери борышын абыроймен атқарды. 1970-1976 жылдары Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетінде оқып, туған жеріне жоғары білімді бала дәрігері болып оралды. Қызылорда облыстық ауруханасында педиатриядан бір жылдық интернатурадан өтті.

Бойындағы адамдарды ұйымдастыра білу қабілетін байқаған денсаулық сақтау басшысы оны 1977 жылы Қармақшы ауданының бас бала дәрігері етіп тағайындады. 1979-1982 жылдары Қызылорда қалалық біріккен балалар ауруханасында лор дәрігері болып еңбек етті.

Мен 1982 жылы мамыр айында облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып жұмысқа кірістім. Облыс көлемінде бала өлімін азайту күн тәртібіне қойылды. Міне, осы кезде Мұхтарды облыстық денсаулық сақтау бөліміне инспекторлыққа ауыстырып, кейін облыстық бас бала дәрігерлігіне тағайындалды. Әрине, бала денсаулығын қорғау саласы ең бір жауапты қызметтердің бірі болатын. Бала шетінеуін төмендету жолдарын іздестіру, оны облыс көлемінде жүзеге асыруды қадағалау Мұхтар Бейісұлына жүктелді. Сол кезде облыстың бас бала дәрігері лауазымын тағайындауда да сынақ жүргізуді ҚР Денсаулық сақтау министрінің өзі атқарғанын еске салсақ жеткілікті. Ол тағайындау сынағынан мүдірмей өтіп, ауыр саланың бар ауыртпалығын көтере білді. Облыс көлеміндегі педиатрлардың басын қосып, яғни Базарбай Атабаев, Серікбай Тұрсынбаев, Мұхтар Бейісов болып, бірге облыс көлеміндегі бала өлімін азайту мақсатында қызу жұмыс істелді. Аудандарды аралап, облыс орталығында балалар жан сақтау бөлімдерін ашып, маман даярлап, аудан орталықтарына жұмысқа жіберілді. Сөйтіп, қыстағы өкпе, жаздағы іш ауруларынан балаларды аман алып қалу жолдары белгіленіп, осы жұмыстарды қадағалауда Мұхтар белсенділігі және білімін көрсетті. Облыс көлемінде штаб құрылып, бала өліміне қарсы жоспар құрылып, үлкен жұмыс басталды. Осы жұмыстардың басында Мұхтар ұйымдастырушылығын танытты. Сөйтіп, аурудың беті қайтып, балалар өлімі облыс көлемінде азая бастады.

Барлық аудандарды басқарма басшысымен және басқа әріптестерімен бірге аралап, балаларға көрсетілетін анестезиологиялық-реанимациялық көмектің негізін қалауға атсалысты. Ол балалар аурушаңдығы мен шетінеу көрсеткіштерінің жақсаруына, облыс көлемінде нәрестелерге арналған микропедиатриялық көмектің аяққа тұруына ықпал етіп, сәби өлімі көрсеткішінің екі есе азаюына қол жеткізді. Оның тікелей араласуымен облыста алғаш рет Халықаралық ЮНИСЕФ бағдарламалары енгізілді. Бағдарламаның қала, аудан, тіпті ауыл медицинасында жүзеге асуын тікелей қадағалап, үйлестірушілердің көмегімен жергілікті мамандар даярлады. Арнайы оқыту орталығын ашты. Халықаралық «Бөбек» қорымен тығыз байланыс орнатты.

Мұхтар облыс көлемінде осындай көптеген ұйымдастыру жұмыстарын бастап, елге белгілі азамат болды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті тағы да ескеріліп, 1992 жылы қалалық біріккен балалар ауруханасының бас дәрігері етіп тағайындадым. Сөйтіп, Мұхтар Бейісов 1992-1999 жылдары Қызылорда қалалық біріккен балалар ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарды. Осы мерзімде аурухананың материалдық-техникалық базасы анағұрлым нығайды. Еліміз егемендікті енді алған қиын-қыстау, медицина қызметкерлерінің жалақысы бірде бар, бірде жоқ кезде ұжымды шашыратпай, бала денсаулығын қорғау ісіне жұмылдыра білді. Аты қалалық болғанымен, облыстағы балаларға маманданған медициналық көмек көрсететін жалғыз аурухананың қаланың әр жерінде шашырай орналасқан бөлімшелер жұмысын үйлестіру оңай шаруа емес еді. Дегенмен, осы кездің өзінде бөлімшелер санын 3-тен 12-ге дейін көбейтті. Облыс дәрігерлерінің білімін арттыру үшін Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институтынан білікті дәрігер-ұстаздар шақырып, педиатрлардың алысқа шабылмай, Қызылорда қаласында кәсіби шеберлігін шыңдауына барынша жағдай жасады.

1997 жылы аурухана жанынан педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы облыстық бөлімінің ашылуын қамтамасыз етті. Сөйтіп, бірнеше жас дәрігер өз практикалық жұмысында жүріп-ақ ғылыммен етене айналысуға мүмкіндік алды. 1998 жылы республика бала дәрігерлерінің басын қосқан «Экология және балалар» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның Қызылорда қаласында аурухана базасында өткізілуін ұйымдастырды. Конференция жоғары деңгейде өтті. Оған арналып ғылыми мақалалар жинағы шықты.

1999-2000 жылдары Тасбөгет кентіндегі №4 қалалық емхана бас дәрігері болды, қалалық денсаулық сақтау бөлімін басқарды. Бір айта кетерлігі, №4 емханада бас дәрігер болған кезінде тозығы жеткен ескі емхананың жаңа ғиматратқа көшуін жүзеге асырды. 2000-2003 жылдары облыстық наркология диспансерінің бас дәрігерлігі қызметінде дәрігерлер саны 65-тен 101-ге дейін, дәрігерлердің және мейірбикелердің санаттық дәреже иелену көрсеткіші анағұрлым өсуіне мүмкіндіктер жасады. Мекеме қолданысындағы медициналық құжаттар түгелдей қазақ тіліне көшірілді. Диспансердің жаңа ғимараты – бұрынғы облыстық аурухананың ескі орны болатын. Жаңа орталыққа көшуді жоспарлаған аурухана жөндеу жұмыстарын көрмейтіні белгілі. Мұхтар Бейісұлы оны наркологиялық емдеу мекемесіне лайықтап, қайта жөндеуден өткізді. Құрылыс-жөндеу жұмыстарына да бас дәрігермін деп қарап тұрмай, араласып кететін. Қызметкерлерді жеңіл құрылыс жұмыстарына өзі үйретті. Арухана ауласын адам танымастай абаттандырып, әсем гүлдерге және жасыл желекке орады. Диспансерде наркологиялық көмекті заман талабына сай ұйымдастыру үшін физиотерапевтік, функционалдық диагностика, психотерапевтік және сыр шашпай (анонимдік) емдеу кабинеттері ашылды. Жаңа бөлімшелер – балалар және жасөспірімдер наркологиялық бөлімшесі және оңалту (реабилитациялық) бөлімшесі ашылды. Жас нарколог дәрігерлер ғылыммен айналыса бастады.

Емделушілердің бос уақытын тиімді пайдалануы және спортпен айналысуы үшін екі жазғы спорт алаңы, сондай-ақ жаңылып, өмірдің талқысына түскен науқастарды имандылыққа баулу мақсатында намаз оқу бөлмесі ашылды.

2004-2014 жылдары №2 қалалық емхананың бас дәрігері болған кезінде де қала орталығынан тысқары өмір сүрген қала тұрғындарының лайықты медициналық қызмет алуына барынша жағдай жасады. Жаңа кабинеттер ашып, ұжым бірлігі арта түсті. Жаңа емхана құрылысын жүргізу бойынша бастама көтерді.

Ол құрметті еңбек демалысына шыққан кезінде де қол қусырып қарап отырмады. Қызылорда облысы медицина қызметкерлерінің облыстық қоғамдық бірлестігін құрып, төраға болды. Бірлестіктің «Сыр медицинасы» газетін шығарып, медицина қызметкерлерін ынталандыру мақсатында «Сыр медицинасының үздігі» медалін тағайындап, лайықтыларды марапаттады.

Оның қажырлы еңбегі ескеріліп, КСРО және Қазақстан Республикасының «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгілерімен марапатталды. ҚР педиатрларының II-IV съездеріне делегат болып қатысты. II-съезде Қызылорда облысының педиатрия саласының сол кездегі өзекті мәселелерін көтеріп, жақсарту жолдарын баяндады. Бірнеше рет Президиум мүшесі болды. 1986 жылы Мәскеу қаласында өткен педиатрлардың бүкілодақтық XII съезіне де делегат болып қатысты. Облыс медицинасына қосқан үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Президентінің және облыс әкімінің бірнеше алғыс хаттарымен, сонымен қатар «Пирогов», «Гиппократ» және Қызылорда қаласының мерейтойлық төсбелгілермен марапатталды.

Әрине, оның осыншама еңбек жолында еш кедергі болмады деп айта алмас едік. Тумысынан тура, жалтақтауды білмейтін Мұхтар Бейсұлы қарапайым жандардың мұң-мұқтажына бейжай қарамай тірлік етті. Басшылардың кейбіріне әділдік іздеген тірліктері жақпады, біршама уақыт жұмыссыздықты да басынан кешірді. Дегенмен, оның бойындағы қажымас қайрат пен озық ой елге қызмет етер тұстарда қайта маздап жанды. Оның дәрігерлігіне қоса құрылыс саласының кәнігі маман ретіндегі бітірген көптеген шаруалары көрген жанды тәнті етеді. Өзінің бұл қабілетін басқарған ауруханаларда көрсете білді. Қай кезде болса да, Мұхаң таза жұмыс атқарып, елдің құрметіне бөленген жан болды. Иә, Мұхтар нағыз таза азамат, дәрігер-педиатр болып қызмет істеп, елге көп көмегін тигізді.

Баулыған шәкірттері ауданның бас педиатры, аурухана бас дәрігері, денсаулық сақтау басқармасы басшысы да болды. Мұхтар Бейісұлына Қармақшы ауданының тумасы, дәрігер Үрмия Қожахметқызымен отау құрып, 2 ұл және 1 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан өнген 8 немересінің де қызығын көруге тағдыр жазды. Үрмия екеуі құрған дәрігерлік «Жанар» орталығы кеңейтіліп, облыс халқына медициналық қызмет көрсетуде. Бүгінде оның өзі негізін қалаған «Сыр медицинасы» бірлестігі және газеті жұмысын жалғастыруда.

Мұхтар Бейісұлының облыс медицина саласында өшпестей ізі қалды. Оны Қызылорда халқы және медицина саласы үлкен құрметпен еске алады.

**Ернияз ОМАРОВ,**
**Республикаға еңбегі сіңген дәрігер, ғылым кандидаты, Сырдария ауданы және Қызылорда облысының құрметті азаматы.**

# Қуатты армия – ел тірегі

**Саптағы сарбаз қашан да, қандай жағдайға да дайын болу керек. Бұл – әскерилердің бұлжымас қағидасы. Облыс бойынша Қорғаныс істері жөніндегі департамент осы мәселені басты орынға қойып, жылды қорытындылады. Мақсат – айқын, бағдар – нық. Биылғы жоспар да орындалып, жүйелі жұмыс оң бағасын алды. Жиынға Қорғаныс істері жөніндегі департаменті, бағыныстағы басқарма мен бөлімдердің әскери және азаматтық қызметшілері қатысты.**

Шарада сөз алған департамент бастығы, полковник Еркінбек Байболов Қорғаныс министрлігінің алқа отырысында көтерілген мәселелері мен талаптарын жұртшылыққа жеткізді.

– Еліміз осы жылы Тәуелсіздік дәуірі үшін теңдессіз бірқатар маңызды саяси оқиғаларды бастан кешірді. Адал, әділ және бәсекелі сайлау аясында қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіске жетті. Жоғарғы Бас қолбасшы қойған Қарулы Күштердің басты міндеті – еліміздің егемендігі мен аумақтың тұтастығын әскери құралдармен қамтамасыз етуге ұдайы әзірлікте болу. Офицерлер, сержанттар әскери қызметтің қиындығы мен ауыртпалығына табандылықпен төзіп, азаматтарымыздың бейбіт өмірін қорғай отырып, күнделікті еңбегімен еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға үлес қосуда, – деді Еркінбек Серғалиұлы.

Жиында жыл қорытындысы бойынша жауынгерлік және жұмылдыру дайындығында жеткен жетістіктері үшін Шиелі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі I, Жаңақорған ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі II, Қызылорда қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы III орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, бірқатар әскери және азаматтық қызметшілер департамент бастығының алғыс хатымен марапатталды.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ,**
**облыс бойынша Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің баспасөз маманы.**

САҚТАНСАҢ САҚТАЙМЫН

# Тұрмыстық газ жарылысының себептері жадыңызда болсын




Тұрмыстық газ – адам үшін пайдалы ғана емес, сонымен бірге қауіптің жоғары көзі. Күнделікті өмірде табиғи газдың екі түрі қолданылады: үйлерге құбырлар арқылы кіретін негізгі газ және баллондарда сұйытылған газ. Газдың ағуы улануға немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Сондықтан өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етіңіз. Айналаңыздағы адамдардың өмірін қауіпті жағдайға ұшыратпас үшін газ және тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану ережелерін есте сақтаңыз.

Газ жабдықтарын пайдалану кезінде мыналарға тыйым салынады:

- балаларға және оны қауіпсіз пайдалану тәртібімен таныс емес адамдарға газ құрылғыларын пайдалануға;
- газ құрылғыларын қараусыз қалдыруға;
- сіріңке жанғанға дейін немесе қолмен тұтандырғыш іске қосылғанға дейін ГАЗ вентилін ашпаңыз;
- егер үйде газдың иісі болса, сіріңке жағуға, темекі шегуге, жарық пен электр құрылғыларын қосуға болмайды. Газ құрылғыларының барлық шүмектері мықтап жабылғандығын тексеріңіз.

- Есте сақтаңыз:
- газ баллонын гаражда, пәтерде, балконда сақтауға;
- пәтерде газ плитасын өздігінен қосу және ажыратуға;
- пәтерді жылыту үшін газ плиталарын пайдалануға болмайды.
- Газ баллондарын тек мамандандырылған орындарда толтырыңыз. Үйден шыққан кезде газ плитасын өшіруді және баллондағы вентильді жабуды ұмытпаңыз.
- Егер сіз жоғарыда аталған барлық талаптарды орындасаңыз, онда өрт оқиғасына жол берілмейді. Егер өрт шықса, дереу өрт сөндіру қызметіне «101» немесе «112» нөмірлері арқылы қоңырау шалыңыз.

**Қызылорда облысы ТЖД.**

## Заңсыз ойын бизнесіне жол берме!

Экономикалық тергеу органдары қызметінің басым бағыттарының бірі – ойын бизнесін ұйымдастыру және жүргізумен байланысты құқықбұзушылықтарға қарсы тұру.

Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті 2019 жыл басынан бері заңсыз ойын бизнесіне қатысты 11 қылмыстық құқық бұзушылық дерегін анықтады. Нәтижесінде облыс көлемінде және еліміздің басқа қалаларында орналасқан 28 ойын мекемесі жабылды, заңсыз ойын бағдарламалары орнатылған 297 компьютерлік құрал-жабдықтар мен жалпы сомасы 10 млн 102 мың теңге және 60 мың АҚШ доллары көлеміндегі ойыннан түскен ақшалай қаражат айналымнан алынды.

Адам өмірі мен денсаулығына елеулі залал келтіретін заңсыз ойын бизнесімен күреске үлес қосуға Сіздің де мүмкіндігіңіз бар!

Егер сізге, заңсыз ойын бизнесі орын алған жерлер туралы мәлімет белгілі болса – Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу департаментіне хабарласуды өтінеміз. **21-52-09** және **21-54-65** нөмірлі телефондар тәулік бойы қосулы.

**Қызылорда облысы бойынша**
**Экономикалық тергеу департаменті.**

## 2020 жылы тауарларға арналған ілеспе жүк құжаттары енгізіледі

Құрметті салық төлеушілер!

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелген және шығарған кезде, акцизделетін тауарларға және биотынға, халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таңбалауға жататын тауарларға, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды және баждардың төмендетілген ставкалары бойынша әкелінген тауарларға 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарларға арналған ілеспе жүк құжаттары жазылу заңнамамен қарастырылған.

Тауарларға арналған ілеспе жүк құжаттары «Электронды шот фактуралар» ақпараттық бағдарламасында Виртуалды қойма модулі арқылы толтырылып жүргізілетін болады.

Салық төлеушілердің ERP-жүйесімен электронды шот фактуралар ақпараттық жүйесін интеграциялау үшін API-интерфейс әзірленген, осы интерфейс Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында «Электронды шот фактуралар бөлігінде орналасқан» және келесі құжаттамаларды құрайды

- API бойынша құжаттама;
- XML форматта шаблондар;
- SOAP жобасы;
- Қол қою генерациясы;
- Кітапхана файлдары.

Тауарларға арналған ілеспе жүк құжаттарын пилоттық режимінде қазірден бастап осы тесттік мекенжай арқылы https://esf-test.kgd.gov.kz:9443/esf-web/login#!/ қолдануға болады.

**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.**

## Хабарламалар

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-01) «Батыс Тұзкөл кен орнындағы мұнай жинау жүйесі. №№ 114, 162, 166, 167, 168, 172, 260, 305» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

***

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-02) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі №114, 162, 166, 167, 168, 172, 260, 305 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

***

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-03) «Батыс Тұзкөл кен орнында №№167, 172, 168, 162, 114, 166, 260, 305 ұңғымаларға кірме жолдар» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-12) «Ауыстыру: - 131, 329, 339, 4020 ұңғымаларынан шығу желілерін; -ТҚ-9-дан осьтік коллекторға ӨҚ-14-тен ТҚ-12 дейінгі мұнай коллекторларын; - 327, 344, 1001, 1002, 2053, 3006, 3010 ұңғымаларына айдау желілерін; - Оңтүстік-Шығыс бөлік Құмкөл кенішіндегі СТБ-22-ден СТБ-4-ке дейін айдау коллекторын» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-09-03) «Арысқұм кешенінде СП-10 және 428 ұңғымаға кірме автожолдар» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-19-01) «Майбұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №45 ұңғымадан шығу желісі» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-07) «Оңтүстік Құмкөл кенішінде мұнай жинау жүйесі. ОҚ 67 ұңғымасынан ОҚ ТҚ-2-ге дейін шығу желісі» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 57-ші бабының талаптарына сәйкес (20-20) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішінде мұнай жинау жүйесі. №102, 118, 119 ұңғымаларынан шығу желілері» жоба жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

## Көңіл қосын білдіреміз

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басшылығының және еңбек ұжымының атынан «Құмкөл-Қызылорда» автожолында болған жол-көлік оқиғасында қаза тапқандардың туған-туыстары мен жақындарына қатты қайғырып, көңіл қосын білдіреміз.

Адамдардың өмірін мезгілсіз алып кеткен осы орасан зор қайғыдан біз де ауыр күйзеліске түсіп отырмыз. Басқа түскен барша қиындық пен орны толмас қайғыға ортақтасамыз.

Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің ұжымы дәрігер Гүлмира Исаеваға жұбайы

**Алтынбектің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Толқынға кілем жайдырып...

**Ақын Шаһизада Әбдікәрімов жақында Түркияның Едірне қаласында өткен түркі дүниесі ақындарының XIII фестивалінде Ахмет Нишат атындағы әдеби сыйлыққа ие болып, Орта Азия шайырлары арасындағы алғашқы лауреат атанды. Қазір оның кітаптары түрік, қытай, моңғол және құмық тілдеріне аударылуда.**

Ғазиза ӘБІЛДА.

Жосалының жазығынан мәңгі қоныс тапқан Қорқыт бабамыздың қобызынан Ұлы Дала сазы дамылсыз есіп тұрады. Содан болса керек, жүз шайыр шыққан киелі мекенде жауһар жырдың керуен көші күні бүгінге дейін тіні үзілмей, жалғасып келеді. Иә, поэзия атты патшалықтың маңайында жүргендер мыңдап саналғанымен, төріне оза алатындар некен-саяқ. Қарапайым өмірдің қалыбына сыймай, көңіл қалауын қиядан табатын, талғамы бөлек, тарлан ақын Шаһизада Әбдікәрімов ағамыз осынау патшалықтың төріне озған талант иесі. Оның арғы-бергі тарихымыздан сыр толғаған туындыларынан адами танымның асқақ көрінісі айқын аңғарылып тұрады. Пенделік парқынан, тайталас тірліктің талас-тартысынан тым биікте тұратын азаматтық болмысы жасын жырларынан жарқырай көрінеді.

Әдетте ақындар табиғаттан, тіршіліктен, тіпті барлық жанды-жансыз жаратылыстан сұлулық іздеп сабылатыны белгілі. Ал Шаһизада ақынның туындыларында көбіне өмірдің көлеңкелі тұстары бедерленіп, ақ пен қараның ара жігі ашылып, ақиқат туы аспандайды. Ақын «Өзім туралы» деген өлеңінің бір шумағында былай дейді:

Таланты тасты жарған
талай дара,
Қарайды қарсы
алдымнан арайлана.
Өмірде – ақындардың бәрі
туыс,
Өлеңде – бақталасым
Абай ғана!

Қалың елі – қазағына сан ғасырлық сарқылмайтын қазына қалдырған хакім Абаймен бақталастық – ақынның шығармашылық мұратының шырқау шыңы деп бағаласақ, қателеспейтін шығармыз?

Шаһизада Әбдікәрімов 1956 жылы Қармақшы ауданы бұрынғы «Жаңажол», қазіргі Дүр Оңғар ауылында дүниеге келген. Жастайынан жырға құмар бозбаланы жусаны жұпар аңқыған жазира даланың таңғажайып құбылыстары талай-талай толғандыратын. Көктемнің күркірей жауған көл-көсір жауыны, кенеттен жарқ етіп, көк аспанды тіліп түскен найзағай, бәрі-бәрі кеудесін аласапыран күйге бөлеп, жан дүниесін жұмбақ бір әлемге жетелейтін. Бұл жұмбақ әлем адалдықтың, адамдықтың, ақыл-ой азаттығының әлемі – ақындық әлемі еді...

Қабырғасы қатайғаннан қалам құдіретіне жүгініп, қасиетін таныған жас жігіт ҚазМҰУдың журналистика факультетіне оқуға түседі. Арман қала Алматының айқара ашқан құшағына сыймай, шабыты шалқып тасып, сол кезеңнің жырға құмар жастарының жадын жаулап алған сал-сері ағамыз жайлы Бауыржан Омаровтың «Гладиатор» атты портрет-эссесінде былай дейді:

«Алматыға арман қуып біз келгенде, ол бұл қалада жоқ екен. Оқуын орта жолдан үзіп, елге кетіп қалыпты. Сонау Сыр өңірінде тұла бойын жыр буып, сенделіп жүрген көрінеді. Бірақ әйгілі шаһардың қай жерінде де шайырдың ізі сайрап жатыр.



Күллі журфак соның өлеңін оқиды. Оның қалай жатқа оқитынын, жатақханада қалай сайран салатынын ауыздарының суы құрып, аңыз ғып айтады».

Иә, елге келіп, еңбек жолын Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған Шаһизада ағамыз бертін келе Байқоңыр қалалық телекомпаниясының төрағасы, республикалық «Қазақстан-1» телеарнасының Қызылорда облысы және «Байқоңыр» ғарыш кешеніндегі меншікті тілшісі, Қызылорда арнайы экономикалық аймағы теледидарының төрағасы қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда ол Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының құрылтайшысы. Облыстық мәслихаттың депутаты.

Ақын ағамыз қандай бір қызметті атқарса да, ел алдында еңсесі биік болды. Өңіріміздегі өзекті мәселелердің өз деңгейінде шешілуіне білек сыбана кірісіп, азаматтық жауапкершілігін аса жоғары бағалайды. Арнасынан асып-төгілген шалқар шабытын ақылмен басқарып, алай-түлей сезімінде ақиқаттың салмағы басым тұрады. Соңғы үш-төрт жылдың көлемінде облыста «Парасатты поэзия» фестивалі тұрақты түрде өткізіліп келеді. Күллі түркі жұрты ақындарының басын қосатын айтулы шараның идеясын сол кездегі облыс әкімі Қ.Көшербаевтың назарына ұсынған да Шаһизада ағамыз болатын. Бүгінде осы фестиваль аясында Сыр ақындарының шығармалары түркі жұртына таныла бастады.

Жылдарым-ай...
Заманамен үндескен!
Аллаңызбен анадайдан
тілдескен.
Айдаһардың арқасына
мызғып ап,
Жолбарыстың жотасына
мінгескен!

Өр тұлғалы ақын сонау өткен жылдардың еншісінде қалған өрекпіген асау көңілін, жастық жалынын аңсайды. Айбынды болмысын аңғартып, мықтылығын мойындатады.

Ақынның алғашқы өлеңдер топтамасы 1975 жылы жас ақындардың «Көктем тынысы» кітабына енген болса, 1983 жылы «Қарлығаш» жинағында жарық көрген. Одан бері «Байқоңыр», «Төрткүл», «Алтын қазық», «Тәржімә», «Сүлейдария» атты жыр жинақтары жарыққа шықты. Сондай-ақ, қырғыз ақыны Акбар Рысқұловтың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Ал 2001 жылы ақынның «Байқоңыр», «Көк астындағы қағанат», 2018 жылы «Сырдария» өлеңдер жинағы қырғыз тілінде, 2019 жылы «Ақмешіттің аспаны» татар тілінде жарық көрді.

Бір кездері:
Толқынға кілем жайдырып,
Табыстым жұмбақ
үр қызбен.
Айдарыма аппақ айды іліп,
Шашымды жуды
ол жұлдызбен.

Бұлқынған бір күш денемде,
Сыймадым сәтте қанама.
Батқым да келіп тереңге,
Қайтқым да келіп жағаға,–

деп астаң-кестең сезімнің сиқырына арбалған ақын алай-түлей көңілін аңдатады. Өмірінің өзегіне айналған жыр теңізінің тереңіне бойлаған ақын бүгінде сол тереңнен тапқан олжасын жағаға жайып салар жасқа жетті. Алпыс құлан қайырып, асауды тізгіндеді. Арда өнердің арқасында атақ-абыройдан кенде емес. Қалың бұқарадан алған құрметі бойына құт. Абай нұсқаған жолмен алшаң басып барады.

ТІЛЕКТЕСТІК

## «Қазақстанның құрметті журналисі» атағы берілді





**«Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінің 90 жылдық мерейтойында қос басылымның ардагерлері «Қазақстанның құрметті журналисі» атағын иеленді.**

Олар – «Сыр бойы» газетінде елу жылдан астам уақыт тер төккен ардагер журналист Қайырбек Мырзахметұлы мен «Кызылординские вести» газетінде тілшіліктен бастап, бас редактор қызметін атқарған Тимур Қасымов. Марапатты А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде басылым мерейтойына орай өткен шарада Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев табыстады.

Аға буын әріптестерімізді марапатымен құттықтаймыз.

**«СБ» ақпарат.**

## Жыл концерті

**Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында облыстық филармония ұжымы жыл концертін өткізді.**



Шараға Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблі, камералық оркестр, сонымен қатар солистер – «Мәдениет саласының үздігі» Ақмарал Ноғайбаева, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Айдос Иманжаппаров, Гаухар Бисекенова, Ринат Үсенов, Мақсат Мақұлбеков, Әбдіхалық Мұстафаев, Жалын Жүсіпов, Анастасия Мусинова, Ғалымжан Ұлықпан қатысты.

Өнер кешінде талғампаз тыңдарман назарына оркестрдің орындауымен Құрманғазының күйі «Адай», Шынберген Сүлейменовтің «Сыр елім» әні, Э.Салиховтың «Умид» шығармасы ұсынылды.

Ән әуелеп, күй күмбірлеген кешке «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Гүлдәрі Ізбанова және Руслан Балмасов дирижерлық етті.

**«СБ» ақпарат.**

## Кітап оқып, рухани бай бол!

**Ақын Иосиф Бродский: «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл – оның өз қасіреті, ал миллиондаған адам кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті» деген. Иә, елге танымал азаматтардың, қоғам қайраткерлерінің төріндегі шкаф сөрелері кітапқа толы. Себебі, сол кездегі аға буынның асыл дүниесі – жинаған кітабы болды. Қуантарлығы, қазір де бұл үрдіс жалғасын тауып келеді. Кітапсүйер жастардың шоғыры қалың. Бұған біз аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық байқауда көз жеткіздік.**

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

«Кітап оқып, рухани бай бол!» тақырыбымен өткен сайысқа мектеп мұғалімдері мен студенттер, оқушылар да қатысты. Олар сүйікті жазушыларының шығармаларынан үзінді оқыды. Екінші бөлімде сұрақтарға жауап беріп, білімін көрсетті. Сайыскерлерге Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың доценті, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы Мария Орманова мен аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әлима Әбдіқалықова төрелік етті. Қазылар алқасына шын мықтыны анықтау қиынға соқты.

Әрі қарай марапат төріне Қазалы ауданындағы №90 орта мектептің оқушысы Зарина Алданазар шақырылды. Небәрі 2-сыныпта оқитын Зарина сайыста жүлделі І орынды иеленді. «Артық білім кітапта» деп білетін жас болашақта әдебиетке жаңа леп әкелуді армандайды екен. Ол – «оқуға уақыт жоқ» деп сылтауратататын кей жастарға үлгі. Кітапты жолсерік етуді ұмытпайық!

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА!

**Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректилді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару-жыныс жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белең алады.**

*Простатит және қуықасты безі аденомасы жекелей де, екеуі бір мезгілде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ ұқсас асқынуларға әкеліп соғады. Оның себебі мынада.*

*Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшеleріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, ісініп, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келу жиілейді. Мұның барлығы ыңғайсыздық пен шап бөлігіндегі ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.*

*Қуықасты безінің аденомасы гормоналдық бұзылулар нәтижесінде пайда болады. Ерлер гормоны – тестостеронның азаюы және ағзада эстроген – әйел гормонының артуы қуықасты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығарудың ұқсас ауытқуларын өршітіп, несеп жолы арнасын қысады, жыныстық бұзылуды және әртүрлі сипаттағы ауырсынуларды тудырады.*

*Емделмеген жағдайда, бұл аурулар асқынып, отадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтымсыз сипат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несеп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманнан көмек сұраңыз.*

*Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен емшараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс жүйесінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғай алатын, derттің түпкі себебін жоятын, "Уропротектор" препаратын пайдалануды ұсынамыз.*

*Бұл – кешенді препарат. Оның әсері қабынуды және қуықасты безінің ісінуін жоюға, несеп-жыныс жүйесінен ауру тудыратын бактерияларды шығаруға, зәр айдауды қалыпқа келтіруге бағытталған.*

*"Уропротектор" препаратын қолданудың бірінші сатысында-ақ ыңғайсыздық, шап аймағындағы ауырсыну, үрпі арнасындағы шаншу жоғалады. Одан әрі кіші жамбас мүшелерінде қан айналымы жақсарады, қуықасты безі мен қуықтың икемділігі қалпына келтіріледі, бұдан кейін олар өз қызметтерін толық орындай бастайды. Сондай-ақ, препарат гормоналды тепе-теңдікті қалпына келтіре отырып, еркектердің басты гормоны – тестостерон өндірісін ынталандырады. Осының есебінен, қуықасты безі аденомасының дамуын тойтарады және эрекцияны күшейтеді.*

*"Уропротектор"- простатит, қуықасты безінің аденомасы, зәр шығарудың бұзылуы, эректилді дисфункциясын емдеуде жақсы сипаттамаларға ие болды. Сонымен қатар, "Уропротектор" компоненттері, ағзадағы бос радикалдардың санын тиімді түрде төмендетеді, сол арқылы простата обырының пайда болуы мен дамуынан қорғайды.*

*Турасын айтқанда, бұл ерлердің көптеген урологиялық проблемаларына көмектесетін қуатты құрал!*

*Препарат барлық қажетті сынақтардан өтіп, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданған. Кез келген жаста салауатты, белсенді жыныстық өмірден бас тартпаңыз!*

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!




ББК дәрілік өнім болып табылмайды
СГР RU.77.99.11.003.E.004447.10.18 09.10.2018 ж.

**Негізгі әсер етуші заттар:** *препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.*
**Мөлшері және қолдану тәсілі:** *қабылдау ұзақтығы 1 айдан бастап.*
**Қарсы көрсетілімдер:** *жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі.*

**Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 727 321 22 92 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.**

Отбасында маскүнем болса, одан шығудың жолы бар!



БАД, дәрілік зат болып табылмайды

***Отбасындағы маскүнемдік – бұл әрқашан отбасындағы трагедия, ауыртпашылық, көз жас төгу зардап шеккен балалар мен әйелдің психикасы және қоғамнан шеттетілумен көрінеді. Егер сіздің жақын адамыңыз маскүнемдікке шалдықса, не істеу керек?***

*Ең алдымен маскүнемдік – мінез-құлық әлсіздігінің жағымсыз тұсы еместігін түсіну керек, ал ол тиісінше емдеуді қажет ететін күрделі дерт. Көпшілік жағдайда маскүнемдікке кезіккен адамға жақын туғандарынан басқа көмекті ешкім көрсетпейді. Егер жақын туыстары қолын сілтесе, маскүнемге ешкім де көмектесе алмайды және оның өмірі ішімдік мөлшерін одан әрі арттыруға тәуелді болуға айналады. Онымен қоса, ішімдікті шектен тыс ішуден ертелі кеш пе әр түрлі ауыр дерттер пайда болып, олардың көпшілігінің соңы қайғылы қазамен аяқталуға дейін апарады. Сол себепті, егер сіздің жақыныңыз маскүнемдікке шалдықса, барлық мүмкіндікті пайдаланып оны және оның отбасысын құтқару қажет.*

*Ішімдікке тәуелділікті емдеу үшін Ресейлік ғалымдар тарапынан ойлап табылған препарат «Ромедин», барлық қажетті сынақтан өтіп, маскүнемдікпен күресуде өзінің нәтижелігін дәлелдеген. «Ромедин» препаратының бірегейлігі оның құрамы он тоғыз нәтижелі құрауыштардан тұратындығында, олардың бірі екіншісінің әсерін күшейтіп ағзаға кешенді түрде әсер етеді. Препарат кең көлемді әсерге ие және ішімдікке деген физикалық және психологиялық тәуелділікті басып ғана қоймай, спирттің улы әсерінен зардап шеккен органдар қызметін қайта қалпына келтіреді. Сонымен қатар «Ромедин» табиғи қорғаныштық құсу рефлексін реттейді, содан соң ішімдіктің иісі мен дәмі жағымсыз болады.*

Назар аударыңыз Науқан! Алғаш рет! 40%-Жеңілдік

***Жеңілдік бойынша препараттардың саны шектеулі. «Ромедин»-ді бүкіл Қазақстан бойынша және ТМД елдеріне жеткіземіз.***

«Ромедин»-нің флаконының бағасы науқан бойынша 4400 тг.




RU.77.99.88.003.E.005666.11.16
29.11.2016 ж. бастап

***Негізігі әсер етуші заттар:*** препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.
***Мөлшері және қолдану тәсілі:*** қабылдау ұзақтығы 1 айдан бастап
***Қарсы көрсетілімдері:*** жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі, екіқабат және емізулі кезеңде.

*«Ромедин» сұйық түрде шығарылады, оны қолдану өте ыңғайлы, жәй ғана сусын мен тағамға араластырса болады.*

«Ромедин» жөніндегі толық ақпаратпен танысып, тапсырыс беру үшін ресми сайты romedin.kz немесе 8 (727) 271 97 97 нөмірімен байланыса аласыз.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.** **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** **Таралымы 29535** **Тапсырыс №1921**
Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**